



№38 (6061) Сенді, 17 қыркүйек, 2016 жыл Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

Аспанда, Алаш абыройы!



Қыркүйектің 11-іне қараған түні Лондондағы О2 аренасында кәсіпқой бокстан қазақстандық Геннадий Головкин британиялық Келл Брукті техникалық нокаутпен жеңіп, үш нұсқа бойынша өзінің әлем чемпионы деген атағын қорғап қалды.

Шайқас Бруктің жаттықтырушысы ортаға ақ орамал тастауымен тоқтады. Осылайша техникалық нокаутпен жеңіске жеткен 34 жастағы жерлесіміз кәсіпқойлар рингіндегі 36 ұрысын бәрін жеңіспен бітірді. Соның ішінде 33-ші нокаутына қол жеткізді. Бұған қоса, қатарынан

23 рет шайқасын мерзімінен бұрын аяқтап отыр. Ал 30 жастағы Келл Бруктің 37 шайқастағы ең алғашқы жеңілісі осы болды. Ол бұған дейінгі 36 жекпе-жегінің бәрін ұтыспен бітіріп, 25 рет нокаут жасаған еді.

Біздің жерлесіміз бірінші

раундты қарқынды бастады. Оның алғашқы жойқын соққылары қарсыласын едәуір есеңгіретіп жіберді. Бірақ Келл Брук тез тіктеліп кетті. Екінші раундтың басында Геннадий берген джебті Келл іле-шала қаттырақ соққымен қайталады. Ұрыстың осы бөлігінде британиялық былғары қолғап шебері басымдау көрінді. Дегенмен, оның нөпіріне Головкин төтеп берді. Ал үшінші раундта қайтадан қаһарына мінді. Бұл аралықта оның қарсыласы шешуші соққылардан әрең сытылып кетіп жүргендей көрінді. Төртінші раунд қазақстандық спортшының басымдылығы арта түскенін танытты. Енді болмаса есесі кетіп қалатынын сезген Брук соңында таразы басын өзіне аударуға ұмтылды. Сол кезде бірер соққысы жақсы шықты. Мұның бәрі бесінші раундтың басында босқа кеткендей болды. Тағы да белсенділігін арттырғысы келген Келлді Генаның ауыр соққылары күтіп тұрды. Олардың жойқын да қауіпті болғаны сондай, Бруктің секунданты ортаға орамал тастауға мәжбүр болды.

Аспанда Алаш абыройы қазақы шапанды жамылып, көк Туымызды көтерткен Гена бауырымызға спорт әлеміндегі барлық жеңістерді тілейміз! Генамыздың абыройы — Қазақ елінің абыройы ғой. Жаса, Қазақстан! Алға, Қазақстан!

(Материал ғаламтор желісі арқылы ықшамдалып алынды).

АЙТ НАМАЗЫ ОҚЫЛДЫ

Құрбан айт – мұсылман халқының ұлы мерекесі. Бұл мейрам сонау Ибрахим Пайғамбардың тұсында айрықша мән берілген. Бұл мейрамда шамасы жететіні де құрбан шалып, Аллаһтан игі тілектер тілеп, әруақтарға дұға бағыштайды. Ол күні Айт намазы оқылады. Жоғарыда айтылған құрбан шалу осы айт намазынан кейін басталады.

Құрбан айт күні аудан мешітінде айт намазы оқылды. Оған аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы мен селолық Ардагерлер кеңесінің төрағалары, аудан орталығында тұратын ардагерлер мен жастар қатысты. Бір қуаныштысы сол – айт намазында жастар жағы көп болды. Мұның өзі еліміздің тәуелсіз мемлекет болуының, ҚР Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың кемеңгер басшылығы мен салмақты саясатының арқасы деп білеміз. Айт намазынан кейін жиналған жәмғият құшақтасып, бір-бірін құттықтап, жақсы тілектер айтып жатты.

Өз тілшіміз.



2016 жылғы 15 қыркүйекте Radisson отелінің Сарыарқа залында Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының Басқарма төрағасының орынбасары Ербол Шорманов және 2006 жылғы физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смут қатысуымен баспасөз мәслихаты өткізілді. Іс-шара ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны үшін энергия саласындағы дүниежүзінде қазір қолданыста

ЭКСПО-2017

көрмесінде ұсынылатын «Үздік тәжірибелер аймағы» үшін 20-дан астам үздік жобалар таңдалды

бар үздік тәжірибелер ұсынылатын байқау қорытындыларына арналды.

Баспасөз мәслихатының қатысушылары атап өткендей, «Болашақ энергиясы» тақырыбын ашып көрсете алатын басты тақырыптық нысандардың бірі «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны болып табылады (eBPA).

Жобаларды іріктеу мақсатында арнайы Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталестің төрағалығымен Халықаралық іріктеу комиссиясы құрылған болатын. Комиссия құрамында Нобель сыйлығының лауреаттары, энергетика саласындағы сарапшылар мен ғалымдар, сондай-ақ «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының қызметкерлері бар.

Ұсынымдарды қабылдау 2016 жылдың қаңтар айында жарияланып, үстіміздегі жылдың 15 тамызында тәмамдалды. Халықаралық іріктеу комиссиясының алғашқы отырысы 2015 жылдың 9 желтоқсанында Париж қаласында өткізілді. Ол басқосуда іріктеу мен қатысу шарттары талқыланды.

Жалпы ұйымдастырушыларға әлемнің түкпір-түкпірінен 132 өтінім келіп түсті. Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес жұмыстағы айтарлықтай қарқынды атап өтті. «ЭКСПО құрылыс нысандарының қарқынын, тақырыптық павильондардың мазмұнын, халықаралық қатысушылардың осы жылдың қазан айында еркін орналаса бастайтындығын көріп үлкен әсер алып отыр-

мын. Барлық жұмыстар аяғына жетіп қалды» - деді өз сөзінде В.Лоссерталес.

Халықаралық іріктеу комиссиясының жұмысы бойынша Берклидегі Калифорния университетінің профессоры, Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смут: «Біз 4 сағаттан аса ақылдастық, барлық жобалар қызықты еді. Олар шын мәнінде көрмеге келген қонақтарды таң қалдырып, тіпті олардың қасында тұрып әр елдің мемлекет басшылары суретке түседі деп ойлаймын» - деді.

Халықаралық іріктеу комиссиясының қорытындысы бойынша 20 жоба байқау жеңімпаздары атанды. «Үздік практикалар аймағы» павильонында орналастырылатын болады.



Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры

акционерлік қоғамы

дың назарын аударып отырады. Жақында өткен алқалы жиынға жиналғандар негізінен ауыл адамдарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау, көмектің жолдары туралы өрбіді.

Ресми атауы «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету және қосалқы шаруашылықтарды пайдалану арқылы АӨК өнімдері өндірісінің көлемдерін арттыру және азық-түліктік қауіпсіздік шешу бағдарламасы» туралы деп аталатын жиынды аудан әкімінің орынбасары М.Оспанов қысқаша сөз сөйлеп ашып, жиынға қатысушыларды талқыланып отырған мәселеге белсенділікпен атсалысуға шақырды. Жиынға облыстық ауылшаруашылығы басқар-

жүрген сұрақтарды да іркіп қалмай, ортаға салды. Айталық, Ұлытау селосының тұрғыны Талғат Мұсабековті мал бордақылау алаңын ұйымдастыру үшін мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілетінін қызықтырады екен. Бұл сауалға орай, алғашында «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жеңілдетілген несие алуға, ауылдың басқа да тұрғындарымен бірлесіп, ауылшаруашылығы кооперативін құрып, 50 бас аналық мал басы болған жағдайда Үкімет тара-

ша несие алады?». Ауылдағы көп адамды осындай сұрақтың толғандыратыны да бар. Жанкелді ауылдық округінің тұрғыны С.Жалбыров көпшіліктің сол сұрағын жиын барысында көтерді. Оның сауалына «Бағдарламалардың мақсаты да жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету. Сондықтан да, әрине, бағдарламаға жобасын ұсынған жұмыссыз адамның да несие алуға мүмкіндігі бар» деген жауап қайтарылды. Ал, осыны кез келген ауыл адамы, соның ішінде жұмыссыз жүрген

ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БОЛАДЫ?

масының, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының өкілдері, ауданның барлық кент, село әкімдері мен қосалқы шаруашылықтардың басшылары, жеке кәсіпкерлер мен аталмыш жобаға қатысуға ниет еткен тұлғалар қатысты.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары С.Бошпанов

ауыл адамдарын жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында көзделіп отырған іс-шаралар туралы баяндады. Қазіргі кезде жекелеген қосалқы шаруашылықтардың күш-қуатын біріктіру арқылы олардың мүмкіндіктерін арттыруға қол жеткізу көзделуде. Ауылшаруашылығы кооперативтерін құру, ұйымдастыру — уақыт тудырып отырған талап екені даусыз. Бірақ, бұл әрбір жекелеген қосалқы шаруашылық иелерінің өздерінің шешімі негізінде жүзеге асырылғаны жөн. Алғашқы кезекте сүт қабылдау бекеттері мен мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру, сөйтіп, шикізат өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының өмірге келуіне жол ашу қарастырылуда. Жиын барысында оған қатысушылар өздерін толғандырып

пынан субсидия алуға болатындығы түсіндірілді.

«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қарағанды облыстық филиалы басшысының орынбасары М.Т.Бейсенғалиева елімізде ет, сүт өндіру және ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысушыларға қаржылай көмек көрсетудің әртүрлі жолдары қарастырылғанына тоқталды. Тек Ұлытау ауданына «Жұмыспен қамту -2020» «Игілік», «Ырыс», «Береке» және т.б. бағдарламалар бойынша несиелендіру мақсатында 96,0 млн. теңге қаражат қарастырылған. Тек қаржының нақты жобаға негізделіп берілетіндігін де ескеру қажет. Бұл жеке тауар өндірушілерге де, кооперативтерге де қатысты.

«Өзі жұмыссыз адам қалай-

жан біле бермеуі мүмкін. Жиында бұдан басқа да сұрақтар қойылып, олардың бәріне жан-жақты жауаптар қайтарылды.

Жиынға қатысқан облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Б.С.Бейсебайұлы да өз сөзінде Елбасының тапсырмасына сәйкес Үкімет тарапынан ауылшаруашылығын дамытуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру - елімізді өркендетудің кепілі екендігін атап көрсетті және ауыл адамдарын бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалануға шақырып, жергілікті әкімдіктердің осы іске жан-жақты қамқорлық таныту қажеттігіне тоқталды.

Абылай АСҚАРҰЛЫ.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

МАЛ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРЫЛМАСЫН

Құрметті аудан тұрғындары! Биылғы жылдың өткен мерзімі ішінде Ұлытау ауданы бойынша мал ұрлығына қатысты 19 дерек тіркелді. Мал ұрлықтары Мибұлақ селосында (6 дерек), Жезді кентінде (5 дерек), Сарысу селосында (4 дерек), Егінді, Қоскөл, Терісаққан, Борсеңгір селоларында (1 деректен) орын алған. Мибұлақ, Сарысу селоларының және Жезді кентінің учаскелік полиция инспекторларының жұмыстары нәтижесінде мал ұрлығына қатысты 9 қылмыс әшкереленген. Осының нәтижесінде Ұлытау ауданының соттарымен мал ұрлығына қатысты 6 қалмыстық іс қаралды. Сот қаулысына сай, Мибұлақ селолық округінде адамдар тобы болып, бірнеше рет мал ұрлығымен айналысқан Н.С.Ермекбаев, Н.К.Шалхарбаев, Р.Н.Байсалбаев, С.М.Байкасинов атты тұлғалар жәбірленушілерге келтірілген шығындарын өтеп, олармен татуласуына байланысты ақталмайтын негіздермен қылмыстық жауаптылықтан босатылған. Ал, Жезді кентінде екі мәрте мал ұрлығын жасап ұсталған А.Ф.Штиф атты азамат екі жыл бас бостандығын шектеу жазасына сотталды. А.Ф.Штифке, екі жыл мерзімге пробациялық бақылау орнатылып, қазіргі таңда оның мінез-құлқы,

жұрыс-тұрысы құзырлы органдардың бақылауында.

Мал ұрлығының орын алуына, малдың бағусыз жүруі, мал иелерінің өз мүлкіне сақтықпен қарамаудың салдарынан болып отыр. Көбіне, ұрланған малдар далада бағусыз жүріп, иесі тарапынан қараусыз қалған. Және де көптеген жағдайда малдары жоғалғанын анықтаған иесі, полиция бөліміне немесе учаскелік полиция инспекторына дер кезінде хабарласып, арызданбаған. Сондықтан да малдың иесі өзі бірінші болып қылмыстың алдын алуға бағытталған әрекеттер жүргізу керектігін ұмытпаған жөн. Яғни, өріске малды қараусыз жібермей, бағу жұмыстарын ұйымдастырып, елді мекендерге келген-кеткен көліктер мен белгісіз тұлғаларға назар аударып, олар жайлы учаскелік полиция инспекторына уақытылы хабарлап отыру керек. Ішкі істер органдарының қызметкерлері тарапынан хабарламаңыз бойынша шара қолданбау деректері орын алған жағдайда, аудандық прокуратураға жазбаша шағымдануыңызға немесе 2-13-65; 2-16-22 санды телефон нөмірлері арқылы хабарласуларыңызға болады.

Ұлытау ауданының
прокуратурасы.

ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛЕСІҢ БЕ, ТҰТЫНУШЫ?

«Тауар қайтаруға немесе ауыстыруға жатпайды» деген хабарламаларды кез-келген сауда нүктелерінде кездестіруге болады. Алайда бұл хабарламалардың қаншалықты заңды күші бар екенін тұтынушы біле бермейді. Тауардың қай жерде, мейлі арзан базарда немесе қымбат дүкенде сатылғанына қарамастан, сіздің құқығыңызды қорғайтын арнайы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының барын естен шығармағаныңыз жөн. «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» демекші әр сатушы немесе кәсіпорын сатқан тауары, көрсеткен қызметі үшін заң алдында бірдей жауапты. ҚР Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңына сүйенсек, тұтынушы сапасы қауіпсіз тауарлар сатып алуға, өркін таңдау жасауға, сатып алатын тауар және сатушы туралы толық ақпарат алуға, тауарды айырбастауға немесе қайтарып беруге, келтірілген зиянды өтеуге өтем талап етуге құқылы.

Күнделікті күйбең тіршілікте қарапайым тұтынушының құқығына нұқсан келтіретін жайттар жиі кездесіп жатады. Таңертең сатып алынған сүтіңіз кешкісін іріп кетсе, ал сатушы оны ауыстырудан бас тартса, нанның салмағы тиісті мөлшерден кем болса, тіпті, қалалық көліктерде төленген ақшаңызға билет бермесе мұның бәрі тұтынушы құқығын шектейтін әрекеттер. Егер сатушы бұл өндірушінің ақауы және сізге тікелей соған жүгіну керек деген жағдайда, сіз әрине солай жасай аласыз, бұл да айрықша өз қалауыңыз бойынша болады. Дайындаушыға жүгініңіз келмеген жағдайда сіз өз сөзіңізді растау үшін «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 15-бабын келтіре отырып жоғарыда тізбектелген барлық мүмкіндіктерді сатушыдан талап ете аласыз.

Ал енді мерзім жағынан қандай мәселе туындайды? Бұл ақпаратты да елемеге болмайды. Ол туралы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 17-бабында айтылған. Олай болса, егер

тауар тиісті емес сапада болса, яғни егер онда ақау немесе басқа да кемшіліктер анықталса онда сіз тауарға белгіленген жарамдылық мерзімі ішінде тиісті талаптармен жүгіне аласыз. Егер жарамдылық мерзімі белгіленбесе, онда тауарды сатып алынған кезден бастап 2 жыл ішінде жүгінуге болады. Сатушы тауарды тек қана 14 күн ішінде қайтаруға немесе айырбастауға болады деп айтуы мүмкін. Ал аталған мерзімінен кейін сіздің талабыңызды қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін. Бұл жағдайда сіз сауатты тұтынушы ретінде 14 күндік мерзімі тиісті саладағы тауарға, яғни сізге белгілі бір себептермен өлшем, түс үлгісі және т.б. бойынша келісілген, тиісті саладағы тауарларға қатысты екендігін білуіңіз керек.

Ендігі мәселе чек жоғалуы мүмкін не ол мүлде берілмесе не істеу керек? Сіз тауарды нақты сатушыдан сатып алғаныңызды дәлелдеуге тура келеді. Оған куәгерлердің сөзі сатушы логотипті бар қаптама тауардың сериялық номері жасаған сауданың фото немесе бейне түсірілімі және тағы басқа жеткілікті болады. Бұның барлығы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» ҚР Заңының 18-бабында бекітілген. Бұл ретте «Дүкен ішінде түсірілім жасауға тыйым салынады» деген сылтаулардың болмауы керек.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласы бойынша толғандырып жүрген мәселелер бойынша Сіздер Қарағанды облысы Тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінде тұрақты түрде жұмыс жасайтын 42 -63-86 «жедел байланыс» телефонына немесе Ұлытау аудандық Тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасына 2-12-70 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

Ұлытау аудандық
Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
басқармасы.





Қасиетті тау баласының бойындағы сол кие жайшылықта «ұйқыдағы» жанартаудай бар алапат қуатын іште сақтап, бұйығып қана жатқанымен, сындарлы сәттерде толқи толықсып, дүмпилықсып жаһанға жар салып шыға келер-ді!.. Туған жер топырағынан дарыған сол кие Ұлытаудың қос ұланы – Баубек пен Мұқанды елдік сана сапырылысқан, оған қаһарлы соғыс келіп киліккен алмағайып тұста жасындай жарқ еткізіп, Қазақ Көгіне қос жұлдыздай жарқыратып алып шықты. Олар шынымен, маңайына ғана емес, тұтас халқына қараңғыда жол сілтер, көптің көкірегіне үміт сәулесін түсірер, жақсылыққа, жарқын келешекке жігерлендірер Қазақ Көгінде қос жұлдызша жарқырап жана алды да.

Өмір есігін үзеңгі қағыса ашып, егіз қозыдай ержетіп, өмірдің маңдайға жазған жазуымен тіршілікте әр бағытты еншілегенше дейін ажырамаған Таудың қос ұланының туғанына биыл тура бір ғасыр толды. Екеуінің де әруағына тағзым ете отырып, бүгінгі әңгіме арнасын бәріміздің басымызды осында тоғыстырып тұрған белгілі себепке байланысты Мұқан Иманжановқа бұрдық.

Тағы қайталап айтайық, тіршілік арнасы ажыратқанша, екеуі бірге ержетіп, Қарсақбайдағы ФЗУ-ды бірге оқып, бітірді. Тереңнен тыныс алған түйсік екеуін де оқу-білім мен тастүлектей шыңдап шығарар орта іздетіп 1935 жылы Алматыға жетелеп әкеледі. Екеуі де есеп-экономика техникумына түсіп, артынша Қазақстан Жазушылар одағы жанынан ашылған жас ақын-жазушылардың қысқа мерзімдік курсында оқып шығады. 1940 жылы Баубек әскер қатарына өзі тіленіп алынғанда Мұқан денсаулығына байланысты қалып қойды. Міне, осыдан кейін тағдыр екеуіне кездесуді, бір жүруді жазған жоқ...

Мұқан Иманжанов Жазушылар одағындағы алты айлық курсты бітіргеннен кейін радио хабарларын тарату жөніндегі республикалық комитетте редактор болып қызметке орналасады. Ал, 1942-49 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде әуелі әдеби қызметкер, сосын, жүре келе, бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. Бірақ, денсаулық жағдайы үлкен басылымның қым-қуыт шаруасына «күмп бере» жегілуге шамасын келтірмейді де, тіршілік ағыны баялау «Пионер» журналына бөлім меңгерушісі болып ауысады.

М.Иманжановтың әдеби-шығармашылық қызметі 1938 жылдан басталғанымен, оның республика жұртшылығына анық таныла бастағаны – Ұлы Отан соғысы жылдары. Осы жылдары қарқынмен жұмыс істеген қаламгердің романтикалық сарында жазылған көркем әңгімелері мен очерктері баспасөз бетіне жиі басылып жатты. Ал, алғашқы әңгімелер жинағы «Жастық» деген атпен – авторы Тауұлы – 1948 жылы басылып, оқырман қолына тиеді.

Мұқанның қазақ оқырман қауымы арасында кеңінен та-

нылып, жазушы есімін мәшһүр еткен «Алғашқы айлар» хикаяты мектептегі оқу-тәрбие тақырыбына арналған. Оның басты кейіпкері білімді де жігерлі жас мұғалім Жақыпбек мектептегі бүкіл оқу-тәрбиені өмірмен, өндіріспен байланыстыра жүргізу мәселесін көтереді және сол мақсат-мұратын жүзеге асыру жолында бар күш-жігерін салып, аянбай күреседі. Хикаят авторынан қалың оқырман арасында абырой-беделін арттыруға 1950 жылы «Алғашқы айларға» Жамбыл атындағы республикалық бәйге берілуі де кәдімгідей әсер еткені анық.

Шығармашылық жолын қысқа әңгімелер жазудан бастаған Мұқан «Социалистік Қазақстан» газетінде істеген жылдары

Киелі топырақтан елге тұтқа, халқына үлгі болар ұлағатты тұлғалардың шығуы заңдылық болса керек.

Кең байтақ қазақ даласының, ата жұрттың кіндік мекені, елі аласапыранға, халқы дүрбелеңге түсіп, тығырыққа тірелгенде арқасүйер асқар тауы, бас қосып, пәтуаға келер, білек қосып, күш біріктірер көшесіз астанасы болған Ұлытау баурайы ана құрсағынан өзіне аунап түскен талай сәбидің бойына кие дарытқаны және талассыз ақиқат.

рек екенін өз шығармаларымен дәлелдеді. Мысалы, «Алғашқы айлар» повесін жазғанда ұлы классик педагог жазушылар Л.Толстой, К.Ушинский, А.Макаренко еңбектерімен танысып қана қоймай, мектепте өтілетін ботаника, физика, биология пәндерімен де шұғылданып, шығармаға қажетті көп мағлұмат алды. Әйткені, көркем шығарманы жас буынға білім беріп, ой өрісін дамытатын танымдық әрі тәрбиелік аса қуатты құрал деп дұрыс түсіне білді ол.

Ол көркем шығармалармен бірге 1940-50 жылдарда сын, рецензиялар мен әдебиеттің әр қилы мәселелеріне арналған баяндамаларды да көптеп жазды. Кезінде газет-журналдарда басылған бұл мақалалар сол уақыттағы әдебиетіміздің тарихынан біраз мағлұмат береді. Осының өзі бүгінгі мен кешегіні салыстырда да үлкен қызмет атқаратыны

Х.Ерғалиев, Қ.Жармағанбетов, Ә.Сатыбалдиев, Т.Өбдірахманов, С.Бақбергенов сияқты өзінің қаламдас замандастарымен бірге жастар көп болды. Қолына жазған дүниелерін ұстап редакция жағалайтын жастардың қай-қайсысы болса да Мұқанды аттап өтпейтін және оны бір көргеннен жана-шыр дос санайтын. Т.Әлімқұлов, Ә.Нұршайықов, Ә.Нұрпейісов, Б.Соқпақбаев, М.Өлімбаев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, Н.Ғабдуллин, С.Сарғасқасев, З.Иманбаев, Ә.Қанахин, Т.Молдағалиев, Е.Ебікенов, Қ.Мырзалиев, Ә.Мәмбетов, Ә.Дүйсенбиев, С.Жиенбаев, Ш.Мұхамеджанов, Қ.Ыдырысов, З.Шүкіров, С.Баязитов, Ә.Нәбиев, Н.Сералиев, К.Тоқаев, С.Қирабаев, тағы басқа көптеген сол кездегі жастардың әдебиетке деген көзқарастарын Иманжанов ашты. Олардың алғашқы туындыларын шаршамай оқып, түзетті, баспаға



емін-еркін кәсіліп, көптеген көркем очерктер мен көсемсөздерді, хикаят, пьесалар мен әдебиет туралы толғаныстарын, аяқталмай қалған «Көк белес» атты романын жазады. Жазушының 1954 жылы «Таныс қыз» әңгімелер жинағы, 1956 жылы «Тыңдағылар» атты әңгімелері мен очерктері, 1959 жылы «Адам туралы аңыз» көсемсөздер мен әңгімелері, 1960 жылы «Көк белес» романы жарыққа шықты. Кейін, 1977 жылы сүйген жары, әдебиетші-ғалым Рәзия Рүстембекованың құрастыруымен «Жазушы» баспасынан шығармаларының екі томдық жинағы жарық көрді. Қаламгердің ғұмыры мен шығармашылық жолы туралы мақалалар мен хаттар, естеліктер жинағы 1980 жылы «Жалын» баспасында «Өркен» деген атпен жеке кітап болып басылды.

Иә, сөз басында Ұлытаудан шыққан қос ұланның бірі – Мұқан Иманжанов Қазақ Көгінде жарқыраған қос жұлдыздың сыңары еді дедік. Өрине, осы тұста аға ұрпақтың демесек те, кейінгі жас толқынның көкейінде «ол қандай қасиетімен, нендей ерекшелігімен жұлдыз болып дараланды?» деген сұрақтың туындауы әбден орынды.

Алдымен айтарымыз, ол өзінің қысқа ғұмырында артына өлмес мол әдеби-рухани мұра қалдырды. Жоғары оқу орнын бітірмесе де, Мұқан өмір бойы білімін толықтырып, көп іздену нәтижесінде жан-жақты, әр саладан хабардар өте сауатты жазушы болды және сонысымен көпке үлгі бола білді. Жазушы болу үшін көп оқу ке-

ұсынды, ақыл-кеңесін айтты. Қиын кездерде қолтығынан демеді.

Тәкен Әлімқұлов өз естелігінде былай дейді: «Әдебиетте көп оқыған адамдар бар. Өмірден көрген-білгені көп адамдар және бар. Мұқан Иманжанов осының біріншісіне жатады. Ондай адамдармен қоян-қолтық араласу, білім толықтыруға септеседі. Менің Жорж Сандтың романдарын оқуыма Мұқан әңгімесінің түрткі болуында осындай бір шындық бар». Ал, Мұзафар Әлімбаев өз естелігінде былай дейді: «Әдебиет – біздің әр күнгі тынымсыз тіршілігіміз болғандықтан, ол жөнінде сөз қозғамайтын күніміз кемде-кем ғой. Өркез, осындай әңгіме қозғаған сайын, Мұқан есімі де ойға оралады. Себебі – қазіргі қалам қайраткерлері қатарында жүрген, менімен тұстас, менің алдымдағы буын өкілдерінің дені, менен кішілер де Мұқаннан тікелей тәлім алғандар. Театр терминін қолдансақ, Иманжанов әдеби сахнадан өзі көзге көрінбеген, шымылдық сыртында қалған, бірақ талайдың өнерін шыңдаған білгір режиссер болатын. Иә, солай».

Оны соңыра кейбірі пендешілікпен «ұмытып» кеткені болмаса, тұсында барлық шәкірті жанындай сүйді. Баяндама көлемі өттең көтермейді, әйтпесе, бұған мысал жетіп артылады. Мәселен, Мұқанды жерлеу кезінде жас ақын Тұманбай Молдағалиев: «Іздедім өлеңмен, тербедім, Дененді қияды жерге кім?! Аяулы ұстазым, өзіңді, кеудеме жерледім!» – деп жылап қоя берген. Жазушының жетісі берілген күні Сәбит Мұқанов

қарлығыңқы дауысын одан әрмен қатайтып, жан-дүниені қырғышпен қырғандай етіп: «Иманжанов Жазушылар одағының жұмысын бір өзі атқарды. Тіпті болмағанда, бүкіл одақтың тәрбиелік жұмысын жалғыз өзі атқарды дегенге дауласуға болмайды», – деп шегендеп сөйлеген. М. Иманжановты еске алу кешінде Серік Қирабаев: «Мұқанның дұшпаны жоқ еді», Зейнолла Қабдолов: «Біз жанымыздың тазалығын көру үшін Мұқанға қарайтынбыз. Әйткені, ол біздің айнамыз болатын», Өтебай Қанахин: «Мені әдебиетке алып келген Мұқан еді», Жақан Сыздықов: «Ол менің ғана емес, бүкіл ұрпақтың есінде қалады», – деп тамсанып та талғап айтуы тегіннен-тегін бе?! Ал, Мұқанды өле-өлгенше ұлы ұстазы санап кеткен Өзілхан Нұршайықов әдеттегідей жазып әкелген сөзін төс қалтасынан суырып алып, оқып берген-ді. Қойған тақырыбы да қызық: «Мұқанның қолынан келмейтін Он төрт іс» деп аталады. Осыншасын тізбелегенде, ұстазының ірілігі одан сайын айқындала түскен. Сәл үзінді: «Мұқанның қолынан жалынсыз шығарма жазу келмейтін»; «Жұртқа жақсылық жасамау қолынан келмейтін»; «Жағымпаздық қолынан келмейтін»; «Арақ ішу, шараппен шабыттану қолынан келмейтін»; «Көзінің қос қарашығы Махсұты мен Рүстемін, науқасымды жұқтырып алмайын деп жасқана отырып, күніне екі рет өмірмен сүймеу қолынан келмейтін», т.б. Ал, қолынан келетін істері сансыз еді жарықтықтың.

Тұтастарының қай-қайсысы болса да оның жомарттығына таңдай қағатын. «Ақша сұраған біреудің көңілін қимай, қалтасында ештеңе болмай қалса, Гоголь көшесіндегі жинақ кассасына ертіп апарып, алақанына қаржы салатын. Және де қарыз туралы ежіктеп те жатпайтын еді», – дейді олар. Ұлытаудың ұланы барша қазаққа сөзін еткізген ақын-жазушылар арасында «жәрдемшіл-жүрек» иесі атанған, оларға асқан үлгі болған. «Адамға көп жасау ғана мұрат емес, оның үстіне, көп білу, кейінгіге көп еңбек қалдыру мұрат», – деп өсиет етіп отыратын аса ардақты адамға деген сүйіспеншіліктерін, қимастық сезімдерін ол өмірден озғаннан кейін шәкірті Өзілхан Нұршайықовтың сөзімен жеткізсек: «Қаладағы, даладағы жас әдебиетшілер Жазушылар одағына барудың орнына Сізге барушы едік қой топырлап!»

Иә, адамдарға, еліне жақсылық жасау үшін жаратылған осындай періште пенденің өмірдегі өкісі өлшеусіз болатын. Тағдыр тәлкегімен жүре келе жабысқан туберкулез дерті шығармашылықта құшағын кең ашқызбай, құштарын тұщынтып қандырмай, ойлағанын орта жолда опырып тастап, опасыздық жасаумен тынысын өшірді ақыры...

Қасиетті Ұлытау баурайынан Қазақ Көгіне көтерілген қос жұлдыздың да ғұмыры келте болды. Бірі туған жерінен жырақта Отан үшін 28 жасында опат болса, бірін жүре меңдеген дерт 42 жасында ақыры алып жықты. Осынша қысқа ғұмырларында екеуі де еліне, халқына мол рухани мұра қалдырып үлгерді. Адамдықтың асқан үлгісін, достықтың ұлы өнегесін паш ете отырып тұтас бір халықтың жүрегінен ойып тұрып мәңгіге орын алды. Екеуі де өздеріне тәңір санаған ар-ұжданды кір шалдырмай, тым пәк күйінде биікке көтеріп өтті. Адамзат үшін олардың тағдыры, өмір жолы, рухани мұрасы осымен де қымбат, осымен де асыл өнеге!

**Төлеш АСАНТЕГІ,
«Сарыарқа» газетінің
бас редакторы.**

Естен шықпас есімдер

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

Жақсы адамдардың жаны жаз, көңілі көктем, еңбегі елге үлгі болады. Ондай жандардан тірісінде жырақта жүрсен, сағынасың. Онымен кездесіп, сағынышыңды басуды ойлайсың. Ал кездескеннен кейін сағынышың басылып, бойың сергіп, көңілің жайланып, бір марқайып қаласың. Егер ол адам өмірден өтіп кетсе оған деген сағынышың сарқылмайды. Міне, сондай жандардың бірі, марқұм Әбіш Сұлтанов еді.

САРҚЫЛМАҰТЫН



Ол кісінің өзі өлгенмен артында өлмес өнегесі, өшпейтін ізі, ұрпағына мол мұрасы қалды. Әбекең ағай осы Ұлытау ауданы, Терісаққан өзенінің бойында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын шоферлықтан бастады. Терісаққан өңірі әскери полигонға айналып, кеңшар Қараторғай өзенінің жағасындағы Қорғасынға (бұрынғы аты Дөбей) көшіріліп, бұл жерге «Шеңбер кеңшары» деген атпен орналасты. Мұнда келгеннен кейін Әбекең ағай машина рөлін шопанның ақ таяғына айырбастап, аға шопан болады. Бұл ол кісінің атағының асқақтауының алғыс-абыройға, бақыт пен қуанышқа бөленуінің басы болатын. Әбіш Сұлтанов осы мамандығын қырық жылға жуық жалғастырды. Ол кісі жәй қатардағы шопан болған жоқ, аудандағы маңдайалды шопан болып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты. Аты аймаққа белгілі еңбек адамы болды. Омырауы орден-медальға толды. «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», т.б. да ордендерді тақты. Сан рет ауданның «чемпион-шопаны» болды. Бұл атақты ол тұрақты ұстады. Аудандық партия комитетінің пленум мен бюро мүшесі болды.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін жаңа дербес мемлекеттің жарқын саясаты – жекешелендірудегі алғашқылардың бірі болып қолдап, Шеңбер кеңшарынан «Өлпейіс» деген жерден өзінің шаруа қожалығын құрып, оны қарқынды дамытты. Балаларын осы шаруашылықты дамытуға, адал еңбекке баулыды. Тек балаларына ғана емес ағайын, туған-туыстарына жекешелендіру саясатын қолдауға пәрменді ықпал етті. Соның нәтижесінде алғашқыда бұл саясатқа түсінбей, үрке қарағандар, бұған қолдау көрсете бастады. Әбекеңнің туған інісі кеңшарда есепші, кәсіподақ комитетінің төрағасы, т.б. да жауапты қызметтер істеген Нүриден Сұлтанов өз алдына шаруа қожалығын құрды. Осылай басталған жекешелендіруге аз уақытта ауылдың барлық адамдары жаппай кірісіп кетті.

Әбіш Сұлтанов өте еңбекқор,

іскер, алған бетінен қайтпайтын табанды кісі болды. Ол отбасының мықты тірегі болып қана қойған жоқ, ағайын, туған-туыстарының қамқоршысы, ауылдың ақылшы ақсақалы болды. Әбекең қайырымы мол, жаны жомарт, мінезі ашық, кісіге қылдай қиянат жасамаған, жанды жабырқатпаған үлкен жүректі жан еді. Зайыбы Гүлнәр Ахмедиева отбасының ұйытқысы, берекесі, Әбекеңнің сенімді серігі, қажымас көмекшісі, адастырмас ақылшысы болды. Бір сөзбен айтқанда, Әбекең елдің ағасы болса, Гүлнәр ауылдың анасындай болды. Осы бір өнегелі отбасында он бала тәрбиелеп, өсірді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, балалары еңбексүйгіш, ақылды, қайырымды болып өсті. Қайраты әкесі қайтыс болғаннан кейін шаруа қожалығына ие болып, әкесінің ісін сәтті жалғастырып келеді. Басқа балалары да егемен еліміздің әр саласында жемісті еңбек етіп жүр. Әбекең 2006 жылы дүниеден өтті. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді дана халқымыз. Әбекеңнің өзі өлгенмен оның аты халықпен бірге жасап келеді. Елі оның есімін сағынышпен еске алады.

Жуырда Шеңбер ауылында, абзал азаматтың марқұм болғанына он жыл толуына байланысты әйелі Гүлнәр мен баласы Қайрат бастаған Сұлтан әулетінің ұйымдастыруымен құдайы ас беріп, Әбекеңді еске алып, құран бағыштатты. Асқа Жезқазғаннан, Арқалықтан, аудан орталығынан, Терісаққан ауылынан көп адам жиналды. Құдайы аста Әбекеңді жақсы білетін, еңбектес болған, сол кезде ауданда жауапты қызметтер атқарған С.Өмірбаев, Ш.Асансейітов, О.Жөкебаев, Ш.Оспанбековтер Әбекеңнің ғажайып қасиеттерін айтып, тебірене еске алды. Республикаға белгілі төкпе ақын М.Сейтқазинов те жүрек тебіренер Арнауын айтып, отырғандарды бір күрсінтті. Соңынан Қондыбай қажы Серікбайұлы дұға бағыштады.

Иә, осы құдайы аста елдің Әбекеңе деген сағынышы айқын көрінді. Әрине, бұл сағыныш, сарқылмайтын сағыныш.

22 қыркүйек — Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдері күні

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ —
ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Кайрат ЖҰМАБАЕВ

Қыркүйек айының үшінші жексенбісі айрықша маңызы бар мереке – Қазақстан халқының тілдері күні. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп, бірге дамиды. Әр ұлттың тілі –оның бақыты мен тірегі. Сондықтан да, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында жауапкершілігі жоғары тіл саясатын қоғамымызды ұйыстыра түсетін басты фактор әрі қоғам бірлігінің негізі екенін ерекше атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасының Негізгі Заңында елімізде өмір сүріп жатқан өзге халықтардың өз ана тілін еркін қолданып, дамыту құқығы белгіленген. Бүгінгі күні тілге деген жанашырлық, шынайы құрмет, әркімнің өз ана тілінде білім алуына жағдай туғызу, ұлттық мәдениетті дамытуға аса мән беру жөнінде мемлекеттік стратегия қалыптасқан. Оның құқықтық негіздері ел Конституциясында, Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы заңында лайықты орын алған.

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақ КСР-інің Тілдер туралы Заңы» қабылданды. 1990 жылы Қазақ КСР-індегі қазақ тілі және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалды. 1993-1995 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тіл заңында қазақ тілі мемлекеттік қамқорлыққа алынатыны атап көрсетілді. Осы жылдары Қазақстан Үкіметі жанынан Тіл комитеті құрылды. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңы» 1997 жылдың 11 шілдесінде қайта толықтырылды. Оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» екені жазылған. Бұдан кейін 1998 жылы тіл туралы заңды күшіне келтіру туралы мемлекеттік бағдарлама жасалды. 2008 жылдың 21 қарашасында Қазақстанның мемлекет-

Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы

Шыңғыс АЙТМАТОВ.

тік тілі – қазақ тілі, ұлтаралық тілі орыс тілі және тағы басқа тілдердің ережелері мен заңдылықтарын растайтын және реттейтін нормалар жиынтығы жүйеленді.

Қазақ тілі – қазақ халқының ғаламдық мәдениет қазынасының мақтанышы, оның тамыры тереңде. Ұлттық тіліміздің құндылығы зор, өзіндік әлемі бар тұлғалы тіл. «Түріктің тұнық таза тілі, түзу емлесі – қазаққа» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілі өткен дәуірлер мен бүгінгі заманды жалғастыратын алтын көпір іспеттес. Ғажап әлемі бар көрнекті тіл біздің қазақ тіліміз. Ұлтымыздың белгілі қайраткері Әлихан Бөкейханов: «Анық түрік затты халық тілі – біздің қазаққа» деп айтуы тегін емес.

Біздің қоғамда қазақ тіліне деген немісқұрайлылықтың, енжар көзқарастың қалыптасуына әкелген жағдайлардың негізгі себебі, оған тек Кеңес Үкіметі билікке келген жылдардан бастап Қазақстанда ұлт саясатының дұрыс жүргізілмеуінің салдары деп айтар едік. Осы жылдарда ұлт саясатының жетпіс жыл бойы ұзақ уақыт ішінде шынайы гуманистік деңгейде көтеріле алмауы – большевизм әбестіктерінің ең зоры, ең сорақысы болды. Ұлттық мүддені таптық мүддеге бағындыру, бүкіл қоғам өмірінің заңдылықтарын тек таптық тезге салып түсіндіру, таптық теория дегеннің таразысымен өлшеу, ұлт категориясын өткінші категория деп танитын теріс көзқарастың белең алуы – ұлт тілдерінің болашағын мойындамауға әкелді.

Қазіргі таңда Тәуелсіздігіміз кеңге құлаш жайғаннан бастап тіліміздің мәртебесі жоғарылады. Сондықтан, оны есте естен шығармауымыз керек. Өзге тілмен терезесі тең ел боламыз десек, ең алдымен санамызды жетпіс жыл бойы шырмаған өзгенікін қастер-

леп, өзінікін өзекке тебудің уағыздайтын психологиядан арылуымыз қажет. Қазақтың қазақ болып қалуы ең әуелі ұлттық тілінде, ана тілінде еркін сөйлеуінде осыған аса мән бергеніміз дұрыс. Ана тілімізді өзге тілмен шұбарлаудан құлан таза айқытырып, қазақ тілінде көсіле сөйлегеніміз абзал. Қазақ ұлтының республика халқының дені болуы – егеменді елдің ең түбегейлі мұраты – тіл. Ендігі жерде әңгіменің бар тетігі осы асыл армандай алыстан қол бұлғаған ұлттық санамызды санатқа қосып, тіл мәселесіне қарекет жасағанымыз жөн.

Тіл – адамды адаммен, халықты халықпен жақындастыратын құрал, достықтың дәнекері, оның ішінде ұлтымыздың тілі - қазақ тілі егемен елдің негізгі тірегі. Ұлттық болмысымызды айқындайтын қазақ деген халықтың тарихымен астасып, Қазақстан атты мемлекеттің тірлігімен тыныстап жатқан құбылыс – осы ана тілің. Біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең, туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным жанымызға ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған. Тәуелсіздіктің арқасында қазақтың асыл арманы – асқақ өнге айналды, өзге дербес елдермен тереземіз теңесіп, керегіміз кеңейді. «Тіл – ұлт байлығы» дегендей, өзіміздің ең қымбат қазынамыз ана тілімізді көктегі жұлдыздай жарқырата көрсету әр қазақ баласының міндеті.

«Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт». Сондықтан, өз ана тіліміздің ғұмырын мәңгі сақтайық, қадірлейік, жоғалтып алмайық!

Қазақстан халқының Тілдер күніне орай, барша қауымды мерекесімен құттықтаймыз!

ТІЛ МЕНГЕРУ ДЕҢГЕЙІ ТЕКСЕРІЛДІ

Жасұлан АЯШЕВ

“Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-баба-ның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті”, “Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі ғауһары — қазақ тілі”

Мәшһүр ЖҮСІПКӨПЕЙҰЛЫ.



Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ әлі шешілмей жатқан түйінді мәселелер де баршылық. Сондықтан да болар «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйт-

кені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөзі бар.

Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай

ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап, босқын халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана.

15 қыркүйек күні сағат 10:00-де аудандық «Нұр Отан» партиясы ғимаратының залында, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Тілдер күніне» орай мемлекеттік тілден ашық диктант өтті. Партаға бұл жолы мектеп оқушылары емес, мекемелердің қызметкерлері жайғасты. Қатаң тәртіптегі сынақ ауданымызда тұңғыш рет ұйымдастырылып, оған 60-қа жуық мемлекеттік қызметкерлер қатысты. Диктант жазуға бір сағат уақыт берілді. Тіл мамандарының сөзіне сенсек, мәтіннің мазмұны қиын емес. Әрі алған бағалары қызметкерлердің мансабына еш әсер етпейді. Тек мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған шара. Ал диктант жазуға келгендердің көбі өз білім-біліктеріне сенімді екендерін аңғартты. Диктант мәтіні «Қазақ Елі Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы» тақырыбында жазылды. Тілдер күніне өткізіліп жатқан бұл шара алдағы уақытта ауқымын кеңейтіп, бұдан да қарқынды өткізуді жоспарлауда.

Тарих тағылымы

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының тарихына қатысты әңгімелерде Ұлытау өңірінде ғұмыр кешіп, ел басына күн туған кездерде шыбын жандарын шүберекке түйіп, ұлт намысын қолдан бермеген Сандыбай мен оның ұлы Ерден батырлар жайлы аз айтылмайды. Ал Сандыбай батырдың әкесі Төлек Өтепұлының сөз бастаған шешен, қол бастаған көсем, ел мүддесін ойлаған елші болғандығын зерттеушілер көпшілік ретте ескере бермейді.

Әңгіме Төлек бабамыз жайында болғандықтан, алдымен ауызға аларымыз-ағылшын азаматы, суретші, картограф ДЖОН КЭСТЛБДІҢ 1736 жылғы Кіші Жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары жайлы кітабі. Қазақ тарихшылары А.Тевкелеев күнделігінің жалғасындай бағаланған бұл еңбекте Д.КЭСТЛБ Әбілқайыр ханның ауылындағы әртүрлі отырыстарда, қонақ-сыларда Төлек батырмен арада болған әңгімелерді қаз-қалпында баяндайды. Онда Төлек Шақшақ Жәнібек батырдың арнайы жіберген елшісі, жақын бауыры ретінде бейнеленеді.

Күнделікте мынадай жолдар бар: «Маусымның 24-і күні қоштасып кету үшін күн шыға маған Төлек батыр тағы келіп кетті, өйткені ол өз ордасына қайтпақшы болды. Ол қоштасарда мемлекеттік кеңесшіге (1734-1737 жылдарда Оңтүстік Орал, Қазақстан және Орта Азияны отарлау мәселесінде маңызды рөл атқарған Орынбор экспедициясының бастығы Иван Иванович Кирилов-авт.) барғанда өзін және бауырын(Шақшақ Жәнібек-авт.) жақсылықпен еске алуымызды сұрады, екі күн ішінде бұдан былайғы іс-әрекетті ақылдасу үшін Әбілқайыр ханға ру ақсақалдарын жіберемін деп сөйледі».

Бұдан әрі қарай Д. КЭСТЛБ: «Маусымның 29-ы күні Жәнібек батырдың елшілері маған келіп, сәлем беріп шықты. Олардың есімдері: Төлек мырза, Өтеген батыр, Малабай, Өтегесін, Шөмекей Көшелек. Олар бір кезде патша ағзамға берген антынан айнымайтынынаосы сәтті пайдаланып тағы нық сенім білдірді. Осыған байланысты мен өз кезегімде жылы лебіз білдіргеннен кейін, олар үйлеріне қайтып кетті. Артынша кешке тағы келіп, менімен қош айтысты да, мемлекеттік кеңесшінің алдында өздері туралы жақсылықпен еске алуымды көптен-көп сұрады», — депті.

Осыларға қосымша ретінде Жәнібек тарханның өмірі мен қызметі жайлы «Халық қаһарманы» атты зерттеу еңбектерінде (Шақшақ Жәнібек батыр, Алматы, 1993ж.) танымал қаламгерлер Сабыржан Шүкірұлы мен Болатбек Өденұлы келтірген деректеменің де маңызы зор. Олар былай депті: «Жәнібектің қасына ерткен сенімді серіктерінің бірі — Төлек деген кісі екен... Руы бізге мәлімсіз осы кісі-еңкезердей қарасұр адам екен. Тұра сөйлейтін, алыстан орағыта білетін, сұхбаттасқан адамға сыр алдырмайтын Төлек батырды үнемі елшілікке, ағайын арасындағы дау-жанжалды шешуге жұмсап тұрыпты. «Төлек түлетіп шығарады, Лепес індетіп шығарады» деген нақыл сөз сол кезден қолданылса керек. Бұған біздің қосарымыз: Төлек Жәнібекке ағайындық-жекежаттық жағынан да бөтен емес. Ел арасында Төлек батырдың немересі Ерденнің нағашы іздеуіне байланысты, оқиғасы шындықтан гөрі сол тұстағы нағашылы-жиенділердің

өзіл-қалжыңына жақындау әңгіме кеңінен таралған. Ол — «сөз тапқанға қолқа жоқ» атты (Алматы 1988ж.) күлдіргі әңгімелер жинағында да жарық көрді. Ерден-

деп отырғаны да сондықтан. Ал оның шыққан тегіне күмән келтірер негіз жоқ. Сол тұста бұл аймақта ту ұстап, тұлпар тулатып, қол бастаған жалғыз-ақ Төлек болған...

Төлек туралы біздің қолымызда тайға таңба басқандай хатқа түскен бірнеше дерек бар. Белгілі жырау Жөкей Шаңғытбайұлының «Бөкенбай батыр» дастанында қолбасшы Төлектің бейнесі былай сомдалған:

«Пошымы басқалардан
бөлек батыр,

шоғырының бел ортасында тұр.
Ондағы:

«Қазыбек Қаздауысты,
ер Жәнібек,
Бөгенбай Қанжығалы,
Қоңырат Мәмбек,
Уақтан — Сары, Баян,
Қыпшақ Шорман,
Арғыннан Жолай палуан,
Найман Төлек», - деген
шумақтан және одан әрі қарай:
«Бар еді неше қилы
батырлары,
Майданға жөн-жөнімен
кірді бәрі.

Қару-жарақ Ұлытауда
жұрт даярлап,
Балқашқа үш жүз болып
жосылмаққа
Әр жүздің адамдары
уағда байлап.
Орта Жүзден Бөзенбай,
Жәнібек,
Қошқарбай, Жантайменен
Қазыбегі,
Толыбай, Маласары,
Баян батыр,
Төлек, Тулақ,
Қабанбай — Найман тегі.
Кіші Жүздің басшысы
Арал батыр,
Тама Есет қол бастап

келе жатыр» - деген жолдар бар. Бұл да Төлектің қазақ-жоңғар соғысында даңққа бөленген қолбасшылық тұлғасын тұғырландыра түсетін мағлұмат.

Қарақұмдағы шайқаста Төлек қол бастаған белгілі батыр. Арада ширекғасыр өткен 1736 жылдарда ол — Орта Жүздің көптеген руларына нақты билігін жүргізіп отырған Шақшақ Жәнібектің сенімді серігі, ақылшы — кеңесшісі, ел ағасы. Әулет шежіресінде Төлек ит жылы қыста туылған делінеді. Жас мәлшеріне орай қоғамнан алған орнына қарай бұл дерекке 1683 ит жылы сәйкес келеді. Сонда оның туғанына биыл 333 жыл болады екен.

Төлек батыр 1757 жылы тірі. Өйткені оның сол жылы Еділ бойынан Жоңғарияға жөңкіле көшкен қалмақтармен қақтығысқа қатысқан ұлы Сандыбайға берген батасы ел аузында сақталып, түрлі жинақтарда жарияланған. Батырдың дәл қай жылы қайтыс болғандығы белгісіз. Белгілісі — асыл азаматтың, біртуар батырын ардақтаған елі оның сүйегін Сарыарқадан сексен көш алыстағы Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленген. Атадан балаға мирас әңгімелер бойынша Төлектің қабірі Жәнібек тарханмен іргелес, кесене құдығының қасында болыпты. 1940-1950 жылдар аралығында сұлбасы тегістеліп кеткен, басындағы құлпытас та ізім-қайым жоғалған. Соғысқа дейін көрген адамдар тура сол қатарда Жанұзақ Алдиярұлы батырдың да (белгілі мемлекет қайраткері Ілияс Омаровтың алтыншы атасы) моласы болғандығын айтқан. Одан да із қалмаған.

Түркістанға жерленіп, киелі топыраққа жамбасын тигізу — қарапайым қазақ түгіл, талай-талай біртуар тұлғаларға арман болды. Бұл оны еліміздің шын мәніндегі саяси, әкімшілік және рухани астанасы деп танығандықтың шынайы белгісі еді.

Осы айғақтар Төлек батырдың есімін асқақтатып, жоңғарларға қарсы жойқын қырғында қазақтың бетке ұстар тұлғаларымен иық тіресіп тең дәрежеде қатар жүргендігін айғақтайды. Қазақ хандығының 550 жылдығында Төлек батырдың есімі қайта жаңғырып, тарихи тұлғалардың тізіміне енді. Бұл — біздің Ұлытау халқы үшін зор мәртебе, келешек ұрпақ үшін үлкен мұра. Қазіргі таңда Төлек батырдың шынайы бейнесі ашылып, тарихтың ақпарағына еніп келеді. Төлек батырды құрметтегеніміз оның рухына бас иіп, елдігін танытқанымыз.

**Т.ӘБЖАППАРОВ,
«Ұлытау» ұлттық тарихи
мәдени және табиғи
қорық-мұражайының
бас қор сақтаушысы.**



Қалмақтарды ойсырата жеңген Бұланты-Білеутті шайқасындағы қолбасшы Төлек батырдың рөлі

нің түп нағашысы, яғни Төлектің әйелінің әкесі Жәнібекке үш-төрт ата жерден қосылатын қырықмылтық Ақбас деген белді адам болған. Сондықтан Төлек бір жағынан Жәнібек тарханға кезде болып келеді. Осындай ілік-шатыстықтың да ел тағдырына қатысты қиын қыстау сәттерде үлкен маңызы болғандығын ескеруіміз қажет.

Бұл деректер Төлектің Әбілқайыр ханмен Жәнібек батыр араласқан саяси-әлеуметтік істердің бел ортасында маңызды шаруалар атқарып жүрген белсенді, беделді тұлға екендігін көрсетеді. Қазақта руы белгісіз адам болмаған. Оның үстіне өзі батыр, өзі қайраткер болса. Әбілқайыр ханның Орта Жүздегі көптеген руларға да ықпалы жүргені тарихтан белгілі. Бұл саясаттың Жәнібек тархан арқылы іске асырылғаны да өтірік емес. Жапсарлас жатқан Кіші Жүз руларымен төсекте басы, төскейде малы түйіскен Торғайдағы арғын-қыпшақ пен Ұлытаудағы Бағаналы найманның сол тұстағы Әбілқайыр бастап, табын Бөкенбай мен тама Есеттер қостаған саясатты өрістетуге, нығайтуға қосқан үлестері аз болған жоқ. 1735жылы Орынбор комиссиясының бастығы қазақтардан қайта ант қабылдағанда Әбілқайырмен бірге Орта Жүзден өз рулары атынан ант берген 68 адамның ішінде Шақшақ Жәнібек те, Бағаналы Төлек те болған. Джон Кэстльге антымыздан айнымаймыз

Айлакер аңдасуға
зерек батыр,
Әскерін Бағаналы
бастап келді
Ақырған арыстандай
Төлек батыр
Дамылсыз ұрыс салған
Бөкенбайға
Жеткізді Орта Жүзден
көмекті ақыр.
Жоңғардың қапталынан
қалың қолмен
Тиісті ес жиғызбай
кенет қапыл...»

Мұнда сол жылғы қазақ жасағына табын Бөкенбай батыр бас сардар сайланып, жоңғардың алғаш рет бетін қайтаратын тарихта Қарақұм шайқасы аталып кеткен қырғын соғыс жайлы баяндалып отыр. Төлек батыр бұл шайқаста тұтас Орта Жүздің әскеріне қолбасшы болған. Он жеті жасар жігерлі бозбала Жәнібек те осы қолдың ішінде. Ендеше өзінің ел басына күн туғанда майдан даласында тұсауын кескен ұстазын, оның, кейіннен қарадан шыққан хан дәрежесіне көтеріліп, атағы аспандап, ықпалы бүкіл қазақ қауымына жүріп тұрған кезінде ақылшы аға, сенімді серік, салмақты саясаткер ретінде қасында ұстауы — әрі табиғи, әрі тарихи заңдылық.

Шәді төре Жәңгірұлының «Абылай хан» дастанында Төлек есімі жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсеткен, атты азаттық жолындағы айқас тарихында алтын әріптермен жазылған сайыпқыран саңлақтар

Әлеке — алтынсадақ
деп айтылған,
Жәнібек, Найман Төлек
ерлік қылған.
Бөгенбай Қанжығалы,
Қантай және
Тарақты Көбек, Уақ
Сары, Баян,
Шапырашты Наурызбай,
Табын Серке,
Қаракерей Қабанбай —
өңкей қыран.
Жаппастан Өтетілеу,
Есет Тама,
Қоңыраттан Байтелі мен
Жаманқара...»
- деген жолдардан Төлек есімін жоңғарға қарсы жойқындағы «өңкей қырандары» қатарынан көрсек, тағы бірде:
«Айқайлап қазақтардың
батырлары,
Шорман мен Найман Төлек
кірді бәрі.
Әлібек тас қамалды
жалғыз бұзып,
Иіріліп туға таман
кетті ілгері...»

- деп, Шәді шайыр оның жеке дара жажүректілігін де өлеңмен өрнектеп өткен.

Сондай-ақ есімдері исі қазаққа мәлім Қанжығалы Бөгенбай батыр, Балпан би, Саққұлақ шешен секілді үлкен тұлғалардың ұрпағы, ескі тарихтың телегей-теңіз білгірі Олжабай Нұралыұлының (1881-1935 жж.) «Сабалақ» атты дастанында Төлекке қатысты:

«Ат қаратіл болғанда
жігіт сайлап,

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?



Авторлық құқық түсінігінде авторға тиесілі шығармашылық еңбек нәтижесінде пайда болған ғылыми, мәдени және әдеби өнертабыстар, мүлкітік емес құқықтар жатады. Авторлық құқық объектілері бірнеше категорияларға бөлінеді: мүлкітік және мүлкітік емес авторлық құқықтар. Айрықша және айрықша емес авторлық құқықтар. Өнертабысқа айрықша құқығы бар адамдар оны жеке-дара қолдануға құқылы және басқа адамдардың өнертабысты қолдануына тыйым сала алады.

Өнертабыстың авторы өз құқығын үшінші тұлғаға бермесе (айрықша құқықтарын беру туралы авторлық келісім-шарт жасамаса), айрықша құқыққа ие болады. Өнертуындыға айрықша емес құқығы бар тұлғаға және осындай әдіспен аталған өнертуындыны қолдану үшін рұқсат алған басқа да тұлғаларға өнертуындыға айрықша құқығы бар

тұлғамен бірдей қолдануына құқығы бар. Егер шартта өзгеше көзделмесе, авторлық келісім-шартпен берілген құқықтар айрықша емес деп саналады. Мүлкітік емес авторлық құқық жеке құқық болғандықтан, оны мүлкітік құқық сияқты: сатуға, сатып-алуға, сыйлауға, мұралық етуге болмайды. Авторлық құқық зияткерлік меншікті қорғайтын нысанның бірі, ғылым, мәдениет және өнер туындыларын жасаудағы және қолданудағы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығы. Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және автор қайтыс болғаннан кейін 70 жыл көлемінде сақталады. Авторлық құқығы, атына құқығы, автордың атағын қорғау құқығы мерзімсіз сақталады. Қазақстан азаматтары жасаған өнер туындыларының авторлық құқығы, олардың қайда тіркелмегендігіне қарамастан, мәдени және әдеби өнер туындыларын қорғауға байланысты Берн конвенциясының қатысушылары болып табылатын барлық елде қорғалады.

**Ұлытау ауданы
Әділет басқармасы
мекемесі.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2016 жылдың 23 қыркүйек күні сағат 10.00-ден 12.00-де «Нұр Отан» Ұлытау аудандық партиясы филиалында «Әділет кеңес береді» атты республикалық акция шеңберінде іс-шара өткізіледі. Осы іс-шараның шеңберінде барлық өтініш білдірген азаматтарға құқықтық көмек көрсетіліп, кеңестер мен заңнама нормаларына түсініктемелер беріледі. Барлық қатысушылар іс-шараға қатыса алады. Басқа да туындайтын мәселелер бойынша мына телефонға 8-(71035) 2-13-26 хабарласа аласыздар.

**Ұлытау ауданы
Әділет басқармасы мекемесі.**

«ӨР ТОРҒАЙ — ЕРЛІК МЕКЕНІ» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында азат Қазақ елі әлемдік қауымдастықтың мүшесі атанып, жаңа тарихтың ақ парағына өз қолтаңбасын қалдырды. Бұл - ел тәуелсіздігінің арқасы. Тәуелсіздік - біздің ең басты құндылығымыз. Жүздеген жылдарға жалғасқан табанды күреспен, мыңдаған жандардың қанымен келген құнды жеңіс. Азаттық жолындағы арпалыстардың ішінде 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің өзіндік сипаты, алар орны ерекше. Торғай көтерілісі тек аталған өңірмен ғана шектеліп қалмағаны белгілі, Аманкелді мен Кейкі бастаған сарбаздардың бір шоғыры Наурызымнан бастап Ұлытау бөктерлеріндегі аймақты түгел қамтыды. Отаршыл Ресей империясына қарсы сілтеген сойылдың сесі күллі қазақ даласына еркіндік рухын сыйлап, ұлт намысына ұшқын бергені белгілі.


Осынау Ұлы Дала төсінде өткен ұлы тарихи оқиға бір ғасыр өтсе де, оның бар шындығы айтылып, әділ бағасы берілді деу қиын. Көтеріліске қатысты еңбектер мен зерттеу жұмыстары тек Кеңес үкіметінің көзқарасымен солардың пайымдауымен жазылып келді. Осының салдарынан ұлт тарихына қиянат жасалып, шындық бұрмаланды, кей жағдайда оқиғалар теріс түсіндіріліп берілді. Азаттық жолында арпалысып,

халық үшін басын құрбан еткен ерлердің көбі ескерусіз қалды. Көтерілісшілер мен оның көсемдерінің еңбегін ескеріп, тәуелсіз елдің шынайы тарихы тұрғысынан лайықты баға беру – бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Бабалар ерлігін назардан тыс қалдырмау әр қазақ баласының борышы.

Осы орайда, «Өр Торғай — ерлік мекені» экспедициясы сапарға шықты. Идея бастамашысы, әрі ұйымдастырушысы - «torgau expedition» тобының ынтылылары. Өрине, топтың мақсаты тарихты қайта жазу немесе жаңалық ашу емес, кешегі шайқас өткен орындарға барып тағзым ету. Кешегі елдік пен ерлік сынға түскен сындар-

лымдар, өлкетанушылар, қоғам белсенділері, журналистер мен блогерлер бар. Жиналған материалдарды баспасөз басылымдары арқылы жариялап, қалың оқырманның назарына ұсынып отырмыз.

Экспедиция қыркүйек айының 11-і күні Арқалық қаласынан сапарға шықты. Алғашқы ат шалдырар жері- Дулығалы мешіті. Бұл мешіт кезінде үлкен рухани орталық, Ұлытау мен Торғай өңірінің қадір тұтар қонысы болғаны мәлім. Осы мекенде жезқазғандық делегациямен жолығып, бір жұмаға созылған сапар барысында экспедиция екі мың шақырымнан астам қашықтықты бағынды-



лы сәтте, бабалардан жалғасқан жауынгерлік рухтың қанымыздан өшпегенін дәлелдеп, ту көтерген сардарға ерген сарбаздардың көзін көрген көзі тірі қарттардан шынайы мәліметтер алу. Осы бағытта шежіре қариялармен кездесіп, бұрыннан бар мәліметтерді жаңғыртып, тың деректер жинау жоспардың басты негізі. Қазіргі таңда экспедиция құрамында ға-

рып, тарихи маңызы зор отыздан астам нысанға ат басын тіредік. Әбдіғапар хан Жанбосынұлының қаны төгілген Зәуре қопасы мен Кейкі батыр туған Байтұма қонысына «torgau expedition» тобының атынан ескерткіш белгілер орнату жоспарда бар.

**А. МАУДАНОВ,
экспедиция мүшесі.**



Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық сыйлайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қолұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. Міне, осындай игі істердің бастамасы – жыл сайынғы тамыз-қыркүйек айларында өтетін жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясы. Ағымдағы жылы бұл акция «Бақытты балалық шақ мекені» деген ұранмен өтілуде. Акция мақсаты – аз қамтылған, көпбалалы отбасы мен жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылына дайындау, балалардың әлеу-

меттік себептермен мектепке бармауының алдын алу.

Осы қайырымдылық акциясын жүзеге асыру мақсатында Пионер ауылының №5 Негізгі мектебінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Акцияны өткізудің жоспары жасалып, жоспарланған жұмыс жүзеге асуда. Жеке кәсіпкерлер де «Мектепке жол» акциясынан қалыс қалмай, атсалысуға шақырылды. Мектеп мұғалімдері 27000 теңге көлемінде 6 оқушыны оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Жеке тұрғындар мен кәсіпкерлер де мүмкіндіктерінше қолұштарын берді. Атап айтсақ, Раушан Қасимова, Әйгерім Есетова, Дулат Ерубаев сияқты азаматтар қолдарынан келген көмектерін беріп, аз қамтылған отбасы ата-аналарының алғысына бөленді. Аялы алақанын

«Бақытты балалық шақ мекені»



тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Бүгінгі таңда акция өз жалғасын табуда. «Бала – адамның бауыр еті» деп дана халқымыз айтқандай, балаларымыздың жүзіне күлкі ұялатып, олардың бақытты өмір сүруіне жағдай жасау – әр адамның міндеті! Сондықтан жалпыреспубликалық акцияның жыл сайын өтілуінен көмекке мұқтаж жандарға тигізер септігі мол екенін байқауға болады.

Жаңа оқу жылына жақсы көңіл-күй, жаңа қарқын, білімге деген құштарлық, асыға күткен алтын ұя мектебіне сағыныш сезімін ұялатып отырған бұл қайырымдылық шаралары, әрбір бала бойына сенім, жанына жігер ұялататыны сөзсіз. Әр кез жүрегіміз мейірімге толы болып, жақсылық жасауға асығайық!

**А. БАҚБЕРГЕНОВА,
№5 Пионер Негізгі
мектебінің әлеуметтік
ұстазы.**

**Суретте: «Мектепке
жол» акциясынан көрініс.**

ОТБАСЫ — ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Жасұлан АЯШЕВ

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді!

Антон МАКАРЕНКО.



«Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасылар күні» деп аталып өтіледі. Мемлекет - отбасыдан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып отырғандығын Елбасы тағы да бір дәлелдеп өткендей. Отбасы — табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеудің алғашқы қадамы отбасынан басталады. Отбасы — өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспал-

ретінде қарастыруымыз керек.

Жуырда аудандық Мәдениет үйінің кіші залында отбасылар күніне орай мерекелік шара өтті. Аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы А.Бимырза жиналған жұртшылықты отбасылар күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Селомыздағы жас отбасыларға құттықтау хатпен естелік сыйлықтарды табыс етті. Келесі кезекте аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімі басшысының орынбасары, капитан Н.Дүкенбаев селомыздағы аз қамтылған отбасыларға мерекелік сыйлықтарды табыс етті. Бұдан кейін жоғарғы сынып оқушылары арасында байқауға



дақ». «Отан отбасынан басталады» деп жатамыз. Жанұяның береке-бірлігі әр сәбидің, әр баланың болашақ қадамы. Әйткені, ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің. Отбасы — ол да бір шағын ғана мемлекет. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім — жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі

қатысып «Отбасы шағын мемлекет» тақырыбында шығарма жазған мектеп оқушылары марапатталды. Келесі кезекте аудандық Оқушылар үйінің директоры Қ.Әубәкіров бастауыш сынып оқушылары арасында өткізілген «Мен және менің отбасым» атты сурет байқауына қатысып, «үздік» деп таңылған оқушыларды марапаттады.

Мерекелік кеш аудандық Мәдениет үйі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.



Акцияның мақсаты — аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған оқушы-

гі, аудандық мәслихат депутаты Л.Мусина және мектеп ұжымы мен жеке шаруашылық иегері М.Қаражорғина өз үлестерін қосып, белсенділік танытты. Барлығы бірікпесідей

тыра түсетінімізге сенім мол.

Ендеше, имандылық, адамгершілік жағынан алсақ та, материалдық жағынан алсақ та, бұл мұқтаж жандарды, оның ішінде балаларды жылы жүрек пен мейірімділік шуағына бөлей-

ҚАМҚОРЛЫҚ ҰЛЫЛЫҚТАН ТҰЫНДАЙДЫ

ларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету. Осындай көмекке мұқтаж отбасыларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыру іс-шаралары ұйымдастырылды.

«Мектепке жол» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы аясында ауыл әкімшілі-

көпбалалы және толық емес отбасылардың 6 баласына 33500 теңгенің көлемінде қажетті оқу құралдарын тарту етті. Осындай халықтық сипатқа ие шаралардың өтуіне қамқор қолын ұсынған мекеме ұжымдары, жеке шаруашылық иегерлерінің материалдық қолдау көрсетуі өте құптарлық жұмыс. Мұндай акциялар арқылы біз оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, олардың білім алуға деген ұмтылысын біршама арт-

тіні анық.

Бүгінгі оқушы — егемен еліміздің болашағы екенін ескерсек, осы балалардан қоғамның тұлғасы болар білімді, тәрбиелі, мәдениетті азаматтар шығуына аз да болса қарлығаш - көмектеріңізді бергендеріңізге ризашылығымызды білдіреміз.

А.ҚАРАХМЕТОВ,
№3 Аманкелді орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Мектебімізде 2016 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтіп жатыр. Акция кезінде 1 балаға қамқорлық жасалды. №1 Ұлытау орта мектебінің жас мұғалімдері атап айтсақ Жанар Төлегенова, Думан Әден, Уәлихан Рахым, Меруерт Мұсабек және Айжан Мыңбай 1 оқушыға мектеп формасын алып беріп, қайырымдылық көмектерін жасады.

Осындай игі шараларға мұрындық болған жоғарыда аттары аталған кісілерге алғысымызды білдіреміз. Әр кез еңбектерінің жемісін көріп, бүлдіршіндердің шынайы көңілдерінен шыққан шапағатына бөлене берсін демекпіз. «Мектепке жол» акциясы оң шешімін тауып, әлі де жалғасын таба беретін болады.

А.БЕЙСЕНОВА,
«№1 Ұлытау орта мектебінің әлеуметтік педагогы.



ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН...



Дәстүрлі «Мектепке жол» акциясын қолдау мақсатында өткізілген шара барысында 16 тамыздан бастап №14 Алғабас жалпы орта білім беретін мектебінде көп балалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп оты-

рған отбасыларына материалдық көмек ретінде жаңа оқу жылында оқу-құрал жабдықтарын сыйға тартып, жеткіншектерге шағын мереке ұйымдастырылды.

Мәлтек ауданында тұратын отбасылар ішінен аз қамтамасыз

етілген, ата — ана қамқорлығынсыз қалған, толық емес және көпбалалы отбасы балалары анықталып, тізімделді және осы отбасылардың құжаттары жинақталып, үй-тұрмыс жағдайларына келісімдер жасалды.


Акция барысында кәсіпкерлік топ өкілдері жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға сыйлықтар үлестірілді. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдері аз қамтылған, көпбалалы отбасыларынан шыққан 3 оқушыға 12000 теңге көлемінде оқу-құрал жабдықтарын сыйға тартты. Мектеп директоры А.Алтынбеков «Мектепке жол» акциясының аясында қамқорлыққа зәру оқушыларға бөлінген киім-кешектерді салтанатты түрде табыс етті. Сөз соңында осындай қайырымдылық көмек мектебімізде жыл бойы жалғасын таба береді деп атап айтты.

А.УӘЛИНОВ,
№14 Алғабас орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

Ислам өнері

Батыс адамына елеусіз оқиға көрінетін мына жәйт жуырда бір топ мұсылманды елең еткізіп, едәуір дүрліктірді. Соны шешім іздестіріп таппақ болған атақты киім шебері сән-салтанатты келісті де көркем киім үлгілерін көрнекті араб графикасымен әлеміштеп, әшекейлеген еді. Қасиетті Құран хатқа түсірілген әріптердің бұлайша қолданылуына мұсылмандар қатты қорланды. Олар шебердің бұл қылығын шектен тыс жөнсіздікке жорыды. Осы оқиғадан бірнеше ғасыр бұрын, кресшілер жорығына қатысушылармен тұтқын алмастырған кезде, мұсылмандардың әскери қолбасшыларды емес, ғалым мен каллиграфты, яғни көркем жазу шеберін құтқарып алуы еуропалықтарды бұдан кем таңдандырмаған болатын.

Бүгінде, қазіргі заманғы компьютерлік өркениет қолжазбалық мәтінді қолданыстан ығыстырған шақта, Ислам әлемінде каллиграфиямен жазылған дүниелерге айрықша ықылас таныту әлі де сол қалпында сақталып отыр. Асқан талғампаздықпен көркем өрнектелген әріптерді немесе сөздерді көргенде, діндар адамның дәйім ерекше сезімге бөленері хақ. Ал осы жазуларды қорғау, сақтау қажет болған жағдайда, ол мұндай қасиетті міндетті жан-тәнін сала орындауға дайын. Ислам каллиграфиясының ғажайып туындылары бүкіл ғаламға кеңінен танымал әрі ерекше ықылас-ілтпатқа ие. Араб графикасының өркендеп, көркеюінің және Ислам әлемі өмірінде аса маңызды орын алуының себебі неде? Мұның сыры баршаға бірдей мәлім емес, әрі көбінесе өңі айналдырылып, бұрмаланып көрсетіледі. Ислам дінінде адамдар



жазысқан оқылуы қиын хаттар аса қажетті маңызды байланыстарды бұзып, бүлдіруі, түсініксіз жазылған өсиетхат немесе қарыз жөніндегі қолхат кесірінен соттың әділ шешімі бұрмалануы мүмкін еді.

аян соңғы пайғамбар Мұхаммедке (Алла оны жарылқасын, қолдасын), табыс етілген, Құдай оның бұрмалануына жол бермейді. Ол Құран мәтінінде, яғни Ғарыштық Құранның шағын үлгісінде көрініс тапқан,

ҚҰДІРЕТТІ

жазбалар

мен жан-жануарлардың кескін-келбетін бейнелеуге тыйым салынған, сол себепті де каллиграфия мен ою-өрнек өнері дамыған деген де пікір айтылуда. Бұл тұжырымның екі бірдей қателігі бар екенін атап айтқан жөн. Құранда тірі жан иесін бейнелеуге тікелей ешқандай тыйым салынбаған. Ислам әлемінде адам мен жан-жануарларды бейнелейтін кескіндеме жанры өркендеп, дамыған. Сондықтан бұлайша барды жоққа шығарудың қажеті шамалы. Ал мұсылман мәдениетінің өз ішінде каллиграфияның өсіп-өркендеуіне жол ашқан одан маңызды басқа да себептер жеткілікті. Олардың арасында бір-бірімен тығыз байланысты рухани

Каллиграфтар әрқашан ерекше құрметтелетін, олардың жұмысына, дәлірек айтқанда, өнеріне жоғары ақы төленетін. Бұл өнермен тіпті монархтар да айналысты. Алайда мұның бәрі, былайша айтқанда, мәселенің бергі жағы ғана. Каллиграфия ұғымы, пайымы жөнінде ислам әлемінде қуатты рухани-эстетикалық дәстүр қалыптасқан. Бұл тақырыпқа жазылған бүкіл дүниелердің басын қосса, әр әріп бір емес, бірнеше кітапқа, ал тек нүктенің өзі тұтас энциклопедияға арқау болар еді. Алайда мұсылмандық каллиграфия өнері жөнінде айтылған әңгімелердің ешқайсысы да ол туралы толық түсінік бермейді. Сондықтан бұл өнердің шығу тегін, сыр-сипатын ұғындыру үшін оқырмандарға мұсылман мәдениеті тарихының кейбір жарқын көріністері жайында айта кеткен абзал.

Әңгімені ең алдымен нүктеден




да, прагматикалық та негіздер бар. Бұл негіздердің тек рухани жағына ерекше көңіл аударушы мамандардың көбіне назарынан тыс қалатын прагматикалық жаққа келетін болсақ, оның кейбір негізгі сәттерін түсіндіре кеткен жөн. Араб графикасында әртүрлі әріптер көбіне басты бір белгі арқылы жазылады, ал оларды тек нүктелердің саны мен орналасу ретіне қарай ажыратуға болады. Сол себепті де атүсті, немқұрайлы жазылған хатты оқып, түсіну қиынға соғады. Ал Араб халифаты тәрізді ұлан-байтақ империяда жазудың анық та ұғынықты болуы ел басқару және сот ісі үшін аса қажет-тін. Өйткені шенеуніктер



бастаған жөн. Батыс мәдениетінде бәрін нүкте аяқтайтыны белгілі, ал мұсылман дүниесінде нүкте барша нәрсенің бастауы болып табылады. Алла Тағала жер-дүниені жаратуға жарлық бергенде, әуелі Жаратылыс атаулының түп тегі болып табылатын нүкте пайда болған. Ислам ілімі бойынша, адамға арналған рәміздік кітап – Ғарыштық Құран немесе Құран сөзі ғаламмен бірге жаратылған. Адамзат тарихы бойы ол үнемі Құдай аяны ретінде адамдарға пайғамбарлар арқылы табыстала келді. Ақырғы



ал оның алғашқы «Фатиха» сүресі бүкіл Құран мәтінінің шағын үлгісі болып табылады. Бұл сүренің тұтас мән-мағынасы «Кешірімді, рақымды Алланың атымен» деп басталатын алғашқы сөйлемде тұжырымдалып, дәйектелген, мұндағы «Бисмилла» деген бірінші сөз – осы сөйлемнің, төменгі жағына нүкте қойылып жазылған бірінші әріп (Б) бірінші сөздің мән-мағынасын айқындайды. Аталмыш нүктеде бар, ғалам тоғысқан. Ол Жаратылыс алғаш бастау алған Ғарыштық нүктеге сәйкес келеді. Бірінші сүренің алғашқы сөйлемінен, демек, бірінші нүктеден Исламның Құдіретті жазуы – Құранның барлық өзге сүрелері басталады. Нүкте – Ислам философиясындағы басты тақырыптың және классикалық мұсылман поэзиясындағы сүйікті образдардың бірі. Әртүрлі көлемде, пішінде келетін нүктені қағаз түсіруден каллиграфияны үйреніп, машықтану басталады, нүкте өйткені оқушы өміріндегі тырнақалды



жазу. Әлемдегі әйгілі сәулет ғимараттарының нұсқа-жобалары, адам тағдырына басшылық жасап, ықпал ететін аспан шырақтарының орналасу схемасы циркуль табан тіреген нүктеден басталғаны аян.

Нүкте араб графикасының әрбір белгісінде кездеседі, яғни бұл әрбір жазудың, жазылған кез-келген сөздің астарында Алла Тағаланың Жаратушылық құдіретінің нышан-белгісі бар екенін айғақтайды. Араб алфавитіндегі әр әріп терең бейнелік мән-мағынаға ие. Оған белгілі бір түс, құбылыс, аспан денесі, жұлдыз белгісі, сан сәйкес келеді. Сондықтан кез-келген сөздің немесе сөйлемнің өзіндік сандық, ғарыштық, түстік шартты белгілері болады. Сонымен қатар әріп пішіні, түп-нұсқасы – өз алдына киелі, қасиетті нәрсе. Философтар әріптердің шынайы да, терең мәнін түсініп, тани білген жан әлемде билік құра алады деп санаған.

алатын, Құдайға құлшылық етіп, намаз оқитын. Каллиграфтар күннің жарығы мол түскен кезде, хат процесіне ауа ылғалдылығы әсер етіп, зиян келтірмейтіндей уақытта, тәуліктің белгілі бір мезгілінде жұмыс істеген. Хаттың әрбір түрі үшін арнайы қалам әзірленетін. Әр шебердің қағаз бен қалам таңдау, жазылатын мәтін мен оның айнала кеңістігінің өзара арақатынасын сақтау, әріптердің қалыңдығы мен иілімін ерекше талғампаздықпен үйлестіре білу тәрізді, өз шеберлік құпиялары бар болатын. Жақсы каллиграф жазудың кем дегенде үш түрлі қолтаңба-мәнерін меңгеруі тиіс-тін. Трактаттарда танымал шеберлердің көптеген белгілі қолтаңбалардың қайсысын меңгергені жайында әрдайым атап айтылады. Олардың өзіндік ерекшеліктері мен сипаттарын білдіретін «діріл», «тауыс құйрығы», «көктем», «күн бейнелес», «гүлзар», «кипарис

Намаз оқитын жайнамаз, кілемшелерде арабша жазулар кездеседі, бірақ олар құлшылық қылушы адам намаз кезінде аяғымен басып кетпейтіндей етіп орналастырылған. Қағаз әріп жазуға арналған қасиетті нәрсе саналғандықтан, кейбір мұсылмандар таза параққа қол тигізбес бұрын дәрет алуды әдетке айналдырған. Осы ұғым бойынша, таза қағазды аяққа басу күнәға саналған. Каллиграфия жайындағы трактаттарда қаламды (қамыстан, бамбуктен, т.б. жасалған) таза лағаннан кейін қалдықтарды, әріп жазу ісіне қатынасқандықтан, адам жүретін жерлерге тастаудың дұрыс

тәрізді», «қалыңдық бұрымы» іспеттес түрлі атаулары болған.

Каллиграфия өнері – қазіргі заманда мұсылман мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ізгі дәстүрін толық сақтаған саласы. Қазіргі көркем мәдениет жетістіктерімен қатар, көне дәстүрді көздің қарашығындай сақтап, пайдалана білген суретші туындыларының арасынан жаңаша, соны каллиграфияның аса қызғылықты үлгілерін



кездестіруге болады. Қалай дегенмен де қағаздағы жазу өзінің құндылығын, қасиетін жоғалта бастағаны анық. Кез-келген елде газеттер, жол жүру билеттері, араб графикасы қолданылған орауыш қағаздар күл-қоқысқа айналып, басқа да тұрмыстық қалдықтармен араласып кетті. Дегенмен әріпке, сөзге деген дәстүрлі көзқарас, қасиетті қарым-қатынас жоғалмай, сақталып келе жатқан мәдениет саласы әлі күнге бар. Бұған жоғарыда айтып өткен киім шеберіне қатысты әңгіме мысал бола алады.

Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҒЫ, Сарысу ауылы орталық мешітінің бас имамы.

«СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДА ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРДЫҢ САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫ ТІРКЕУ, БІРЖОЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АҚШАЛАЙ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ, КУӘЛІК БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру: 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – МК); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының азаматтарын Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер деп тану туралы шешім (бұдан әрі – тану туралы шешім); куәлікті немесе оның телнұсқасын беру; 2) МК: Қазақстан Республикасының азаматтарын Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер деп тану туралы

шешім; куәлікті немесе оның телнұсқасын беру; көрсетілетін қызметті алушының дербес шотына аудару арқылы өтемақы төлеу; бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген көрсетілетін қызметті алушыларға жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына қаражатты аудару арқылы өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) төлеу болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме көрсетілетін қызметті берушіге және МК-ға жүгінген кезде Стандарттың 1 және (немесе) 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын (бұдан әрі-құжаттар) тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – тіркеу журналына жазу; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар топтамасын қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды – 1 (бір) жұмыс күн.

Нәтижесі-құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды рәсімдейді: 17 (он жеті) жұмыс күні ішінде тану туралы шешімді; 3 (үш) жұмыс күні ішінде куәлік немесе оның телнұсқасын беру-ді;

Қарағанды облысы бөлінісін-

де өтемақы төлеу кестесіне сәйкес өтемақы төлеу туралы шешімді.

Нәтижесі – ресімделген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ресімделген құжаттарға қол қояды – 1 (бір) жұмыс күні.

Нәтижесі – қол қойылған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 30 (отыз) минут ішінде қол қойылған құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, МК-на өтемақы төлеу туралы құжаттарды жолдайды.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын (бұдан әрі-құжаттар) тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды – 30 (отыз) минут; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар топтамасын қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды–1 (бір) жұмыс күн; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды

рәсімдейді:

17 (он жеті) жұмыс күні ішінде тану туралы шешімді;

3 (үш) жұмыс күні ішінде куәлік немесе оның телнұсқасын береді;

Қарағанды облысы бөлінісінде өтемақы төлеу кестесіне сәйкес өтемақы төлеу туралы шешімді; 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ресімделген құжаттарға қол қояды – 1 (бір) жұмыс күні; 5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 30 (отыз) минут ішінде қол қойылған құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, МК-на өтемақы төлеу туралы құжаттарды жолдайды.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. МК-на жүгінуге тәртібінің сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының сұранысын өңдеу ұзақтығы: 1) көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттар топтамасын және өтінішті МК қызметкеріне береді, ол «электрондық кезек» ретімен жүзеге асырылады; 2) 1-процесс – мемлекеттік қызметті көрсету үшін МК-ның қызметкері МК Ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – МК ЫАЖ АЖО) логинді және парольді (авторландыру процесі) енгізуі; 3) 2-процесс – МК-ның қызметкерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, экранға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраныс нысанын шығару және МК қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін енгізуі; 4) 3-процесс – электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі–ЭҰШ) арқылы жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) көрсетілетін қызметті алушының мәліметтері туралы сұрау жолдауы; 5) 1 шарт - ЖТ МДҚ-нда көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің бо-

луын тексеруі; 6) 4-процесс–ЖТ МДҚ-нда көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің болмауына байланысты мәліметтерді алуға мүмкіндіктің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыруы; 7) 5-процесс – электрондық үкіметтің аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – ЭҰАШ АЖО) ЭҰШ арқылы МК операторының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжаттар топтамасын (көрсетілетін қызметті алушының сұранысын) жолдауы; 8) 6-процесс – электрондық құжат топтамасын ЭҰАШ АЖО-да тіркеуі; 9) 2 шарт – көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар топтамасының сәйкестігін тексеруі (өңдеуі); 10) 7-процесс – көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасында кемшіліктердің болуына байланысты сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту жөніндегі хабарламаны қалыптастыруы; 11) 8-процесс – көрсетілетін қызметті алушы МК қызметкері арқылы ЭҰАШ АЖО-нда қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуы. МК арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылдары диаграммасы осы регламентінің 1-қосымшасында берілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) рәсімдері (іс-қимылдары) мен өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге көрсетілген қызметті берушілермен және (немесе) МК өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің нақты сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Утвержден постановлением акимата Карагандинской области от 30 мая 2016 года № 37/04

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «РЕГИСТРАЦИЯ ГРАЖДАН, ПОСТРАДАВШИХ ВСЛЕДСТВИЕ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ НА СЕМИПАЛАТИНСКОМ ИСПЫТАТЕЛЬНОМ ЯДЕРНОМ ПОЛИГОНЕ, ВЫПЛАТА ЕДИНОВРЕМЕННОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕНЕЖНОЙ КОМПЕНСАЦИИ, ВЫДАЧА УДОСТОВЕРЕНИЙ»

1. Общие положения

1. Государственная услуга «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений» (далее - государственная услуга).

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее - услугодатель) в соответствии со стандартом государственной услуги «Регистрация граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном

ядерном полигоне, выплата единовременной государственной денежной компенсации, выдача удостоверений», утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственной услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11342), (далее - Стандарт).

Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляются через: 1) Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство

для граждан» (далее – ГК); 2) услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги: бумажная.

3. Результатом оказания государственной услуги является: 1) услугодателем: решение о признании граждан Республики Казахстан пострадавшими вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне (далее – решение о признании); выдача удостоверения или его дубликата. 2) в ГК: решение о признании граждан Республики Казахстан пострадавшими вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне; выдача удо-

стоверения или его дубликата; выплата компенсации путем перечисления на лицевые счета услугополучателей; выплата компенсации путем перечисления на контрольные счета наличности временного размещения денег физических и юридических лиц услугополучателей (далее – услугополучатель), отбывающим наказание в местах лишения свободы (далее – компенсация).

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги

является при обращении к услугодателю и ГК - заявление по формам согласно приложениям 1 и (или) 2 Стандарта (далее - заявление).

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) работник канцелярии услугодателя регистрирует полученный пакет документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя – 30 (тридцать) минут.

Результат – запись в журнале регистрации;

(Продолжение на 10 стр.).

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «РЕГИСТРАЦИЯ ГРАЖДАН, ПОСТРАДАВШИХ ВСЛЕДСТВИЕ ЯДЕРНЫХ ИСПЫТАНИЙ НА СЕМИПАЛАТИНСКОМ ИСПЫТАТЕЛЬНОМ ЯДЕРНОМ ПОЛИГОНЕ, ВЫПЛАТА ЕДИНОВРЕМЕННОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕНЕЖНОЙ КОМПЕНСАЦИИ, ВЫДАЧА УДОСТОВЕРЕНИЙ»

2) руководитель услугодателя рассматривает пакет документов и определяет ответственного исполнителя – 1 (один) рабочий день.

Результат – дает поручение ответственному исполнителю услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя оформляет, затем направляет на подписание руководителю услугодателя: решение о признании в течение 17 (семнадцать) рабочих дней; выдача удостоверения или его дубликата в течение 3 (три) рабочих дней; решение о выплате компенсации согласно графику выплаты компенсации в разрезе Карагандинской области.

Результат – направляет руководителю услугодателя для подписания оформленные документы;

4) руководитель услугодателя подписывает оформленные документы и направляет в канцелярию услугодателя – 1 (один) рабочий день.

Результат – направляет подписанные документы в канцелярию услугодателя;

5) работник канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцать) минут регистрирует подписанные документы и выдает результат государственной услуги услугодателю, в ГК направляет документы о выплате компенсации.

Результат – выдает результат государственной услуги услугодателю.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги: 1) работник канцелярии услугодателя; 2) руководитель услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действий):

1) работник канцелярии услугодателя регистрирует полученный пакет документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя – 30 (тридцать) минут; 2) руководитель услугодателя рассматривает пакет документов и определяет ответственного исполнителя – 1 (один) рабочий день; 3) ответственный исполнитель услугодателя оформляет, затем направляет на подписание руководителю услугодателя: решение о признании в течение 17 (семнадцать) рабочих дней; выдача удостоверения или его дубликата в течение 3 (три) рабочих дней; решение о выплате компенсации согласно графику выплаты компенсации в разрезе Карагандинской области;

4) руководитель услугодателя подписывает оформленные документы и направляет в канцелярию услугодателя – 1 (один) рабочий день;

5) работник канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцать) минут регистрирует подписанные документы и выдает результат го-

сударственной услуги услугодателю, в ГК направляет документы о выплате компенсации.

4. Описание порядка взаимодействия с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

8. Описание порядка обращения в ГК, длительность обработки запроса услугодателя:

1) услугодатель подает необходимый пакет документов и заявление работнику ГК, которое осуществляется путем «электронной очереди»; 2) процесс 1 – ввод работника ГК в автоматизированное рабочее место Интегрированной информационной системы ГК (далее – АРМ ИИС ГК) логина и пароля (процесс авторизации) для оказания государственной услуги; 3) процесс 2 – выбор работником ГК государственной услуги, вывод на экран формы запроса для оказания государственной услуги и ввод работником ГК данных услугодателя;

4) процесс 3 – направление запроса через шлюз электронного правительства (далее – ШЭП) в государственную базу данных физических (далее – ГБД ФЛ) о данных услугодателя; 5) условие 1 – проверка наличия данных услугодателя в ГБД ФЛ; 6) процесс 4 – формирование сообщения о невозможности получения данных в связи с отсутствием данных услугодателя в ГБД ФЛ; 7) процесс 5 – направление электронных документов (запроса услугодателя) удостоверенного (подписанного) электронной цифровой подписью (далее – ЭЦП) работника ГК через ШЭП в автоматизированном рабочем месте регионального шлюза электронного правительства (далее – АРМ РШЭП); 8) процесс 6 – регистрация электронных документов в АРМ РШЭП; 9) условие 2 – проверка (обработка) услугодателем соответствия приложенных услугодателем документов;

10) процесс 7 – формирование сообщения о мотивированном ответе об отказе в запрашиваемой государственной услуге в связи с имеющимися нарушениями в документах услугодателя; 11) процесс 8 – получение услугодателем через работника ГК результата государственной услуги (сформированной АРМ РШЭП).

Функциональные взаимодействия информационных систем, задействованных при оказании государственной услуги через ГК приведены диаграммой согласно приложению 1 к настоящему регламенту.

9. Описание последовательности процедур (действий), взаимодействий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги, а также описание порядка взаимодействия с иными услугодателями и (или) ГК и порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги приведено в справочнике бизнес-процессов оказания государственной услуги согласно приложению 2 к настоящему регламенту.

Қоғам. Адам. Заң

ЕЛІМІЗДІҢ «КӨШІ ҚОНЫ ЗАҢЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАН ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Ұлытау ауданының прокуратурасымен Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының және Қарағанды облысы прокуратурасы тапсырмаларының негізінде Қазақстан Республикасының көші-қоны заңының талаптарының сақталуына қатысты «Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімі» ММ-де тексеріс жүргізілді. Соның негізінде, Ұлытау ауданының Ұлытау селосында аталған заң талаптарының сақталуына қарсы тексерістер өткізілді.

Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» заңының (әрі қарай-Заң деп көрсетіледі) 5 бабының 2 тармағы 2 тармақшасына сай көшіп келушілер Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына келудің, кетудің және онда болудың белгіленген тәртібін сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 қаулысымен «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету» қағидасы бекітілген (әрі қарай Қағида).

Прокуратура тарапынан өткізілген тексеріс барысында Ұлытау ауданы көлемінде көші-қоны заңнамасының талаптарының бұзылу деректері анықталды. Атап айтқанда Қағиданың 7-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жергілікті атқарушы орган немесе ішкі істер органдары берген тиісті рұқсаттарсыз Қазақстан Республикасында уақытша болатын көшіп келушілердің еңбек қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді. Сонымен қатар, Заңның 6-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күнінен бастап күнтізбелік бес күннен астам Қазақстан Республикасында уақытша болатын көшіп келушілердің, егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен жасаған келісімінде немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзгеше тәртіп белгіленбесе, уақытша тұруға (тіркелуге) рұқсаты болуға міндетті.

Көшіп келушілерді тіркеуді ішкі істер органдары қабылдаушы тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен келіп түсетін ақпараты негізінде жүзеге асырады. Қабылдаушы тұлғалар өздеріне келетін көшіп келушілер туралы ішкі істер органдарына олар келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Алайда, прокурорлық тексеріс барысында жоғарыдағы Заңның және Қағиданың талаптарын бұза отырып, келесідей Өзбекстан Республикасының азаматтары Ұлытау ауданының Ұлытау селосына келгені анықталды. Мысалы, 27.05.2016 жылы сағат шамамен 15-00 кезінде Ұлытау ауданы Ұлытау селосы, Асатов көшесінің бойында жаңадан салынып жатқан ғимаратта Өзбекстан Республикасының азаматтары Ш.Рузметов, А.Атакелдиев, С.Гурбанов, Д.Джумаев, Ш.Мамедов, Ж.Клычметов, А. Рузметов, Ө.Матсапаев және Т.Артыковтар уәкілетті органның рұқсатынсыз еңбек қызметін жасап жатқандығы анықталды.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жүзеге асыратын қызметі визада және (немесе) тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарға сәйкес болмауынан көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы немесе жұмысқа орналасуға

рұқсат алу еңбек қызметін жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылатын жағдайда мұндай рұқсатты алмастан Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517-бабының 5 бөлігінде қарастырылған құқық бұзушылық болып табылады.

Аталған шетел азаматтары Ұлытау ауданы Ұлытау селосында мамыр айының ортасынан бастап жұмыс жасаған, алайда оларды әшкерелеуге Ұлытау АІІБ-нің көші-қон полиция қызметкерлері және жергілікті полиция қызметінің учаскелік инспекторы тиісті шаралар қолданбаған. Аталған заңбұзушылықтар тек аудан прокуратурасының араласуымен анықталды.

Анықталған Заң бұзушылық деректерін жою үшін Ұлытау ауданы прокуратурасы Ұлытау АІІБ-не заң бұзушылықты жою және еліміздің заңдарын бұзған Өзбекстан Республикасының азаматтарын әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін ұсыныс енгізді.

Аудандық прокуратураның осы тектес ұсыныстарын қарау нәтижесінде жалпы 18 Өзбекстан Республикасы азаматтары және 1 Ұлытау селосының азаматы көші-қоны заңының талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға сот қаулыларының негізінде жалпы 460 000 теңге айыппұлдар салынды. Сонымен қатар, Ұлытау ауданының ІІБ-нің көші-қон полиция инспекторы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Аудандық прокуратура өз қүзіреті шегінде аудан көлеміндегі заң бұзушылық деректерін анықтап және оларды жоюға бағытталған жұмыстарын жалғастыра бермек.

Қ.МАНАПОВ,
Ұлытау ауданының
прокуроры, әділет кеңесшісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұлытау ауданы прокурорының 2016 жылдың қыркүйек, қазан және қараша айларында Ұлытау ауданының елді мекендерінде азаматтарды қабылдау үшін өткізілетін «Ашық есік» акциясы өтеді

Атқарылатын шараның атауы	Орындаушының аты-жөні	Іс-шараның өткізілетін күні және азаматтарды қабылдау орны
Ұлытау ауданының Алғабас селолық округіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	28.09.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы Алғабас селолық округінің әкімшілігі
Ұлытау ауданының Аманкелді селолық округіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	12.10.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы Аманкелді селолық округінің әкімшілігі
Ұлытау ауданының Қарсақпай кентіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	19.10.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы Қарсақпай кентінің әкімшілігі
Ұлытау ауданының Ақтас селолық округіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	20.10.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы Ақтас селолық округінің әкімшілігі
Ұлытау ауданының Ұлытау селосында «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	27.10.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы прокуратурасында
Ұлытау ауданының Қаракеңгір селолық округіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	09.11.2016 жыл сағат 15.00-ден 18.30-ға дейін Ұлытау ауданы Қаракеңгір селолық округінің әкімшілігі
Ұлытау ауданының Жезді кентіне іс-сапарға шығып «Ашық есік» шаралары арқылы жергілікті халықты қабылдауды ұйымдастыру	Ұлытау ауданының прокуроры Манапов Қоңырат Пулатұлы	16.11.2016 жыл сағат 10.00-ден 12.30-ға дейін Ұлытау ауданы Жезді кентінің әкімшілігі

Кестеде көрсетілген мерзімге алдын-ала аудандық прокуратураға 8 (71035) 2-13-65 телефонына хабарласып, жазылып қоюға болады. Ұлытау ауданы прокуратурасының мекен-жайы Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі, №4а үй.

Ұлытау ауданы прокуратурасы.

АИТВ —

СПИД немесе ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы) «20-ғасырдың обасы» деген атпен өткен ғасырда пайда болып, бүкілдүниежүзіне кеңінен таралды. Және бүгінгі күнге дейін өсу қарқыны төмендеген жоқ. Биылғы жылдың 7 айында АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) Қазақстанның барлық аймақтарында 1351 адамнан табылып отыр және биылғы жылдың осы уақытымен салыстырғанда 189 адамға өскен. Оның ішінде Қарағанды облысында 216 адамдар тіркелген, ал Жезқазған, Сәтбаев қалаларында тиісінше 2 және 3 адамнан табылған. Ең алғаш тіркелгеннен бастап (1997) бүгінгі күнге дейін Жезқазған өңірінде 57 адамнан анықталған. Жезқазғанның өз ба-сында 36, Сәтбаевта 17 адам, Қаражалда 4 адам тіркелген. Аталған дерттің таралу ауқымы жылдан жылға кеңеюде, жаңа кеңістікті жаулауда. Қарағанды облысында осы дерттен «таза» тек Ұлытау ауданы.

АИТВ туралы нені білу керек? Негізі — АИТВ адам ағзасына түскеннен онда мәңгі сақталады. Осы уақытқа дейін бұл дерттен жазылды деген ақпарат еш жерде тіркелген жоқ. Әдетте вирустың ағзада бар екенін адамдар бірден біле алмайды. Уақыт өткен сайын АИТВ адамның иммундық жүйесін бұзады. Сырттан түскен жұқпамен күресетін адам ағзасындағы жасушалар күрт азаяды. Осы себептен адам ағзасына түскен қандайда бір инфекциямен күресу мүмкіндігінен айырылады. АИТВ жұқтырып алған адамдар өздерін аурумыз деп есептемейді, тіпті 10-12 жылға дейін адам өміріне қауіп төнбеуі де мүмкін. АИТВ-ден адам ағзасында ауруы бар-жоғын тек зертхана тексерісінен кейін ғана біле алады. Бұдан шығатын қорытынды — ЖИТС дертіне шалдыққандар халықтың арасында жүр, олардың қатары күн санап өсіп келеді. Аталған дертке шалдыққандарды көбейтпеу үшін не істеу керек? Біріншіден — саламатты өмір салтын ұстаған жөн. Ең алдымен кездейсоқ жыныстық қатынасқа түсуден аулақ жүру керек. Екіншіден — есірткі, әсіресе егу арқылы қолдану түрінен үзілді-кесілді бас тарту керек.

Дертке ұшырайтындардың дені жастар болғандықтан, қыз-жігіттер төмендегідей қағидаларды жадында ұстағаны жөн: арақ-шарап ішуден бас тарту қажет; түрлі кештерге тек сенімді жолдастарыңызбен бірге бару керек; танымайтын адамдармен оңаша қалмауға тырысу керек; сенбейтін және бөтен



ҒАСЫР ДЕРТІ

адамдардың көлігіне отырмау керек; нашақорлардан бойды аулақ сақтау қажет; жеңгетайлықпен шұғылданатын адамға жоламаған жөн; кездейсоқ адамдармен жыныстық қатынасқа жол бермеу; жеке-басты қорғау құралдарын қолдану (презерватив).

Келесі есте болатын нәрсе — АИТВ-ның адамнан адамға таралу жолдары: АИТВ-ның ең жиі тарайтын жолы — парентеральды жол, яғни қан арқылы (ауру адамның қаны немесе ауру адам қолданған медициналық залалсыздандырылмаған құралдар: шприцтер, инструменттер, татуаж, маникюр, педикюр жасайтын жабдықтар); жыныс қатынасы арқылы (қорғанбаған уақытта); анадан балаға сүті, қаны арқылы.

Қай уақытта адамнан адамға таралмайды: бір-бірімен қол алысқанда; термен, сілекеймен, түшкіргенде, сүйіскенде, жөтелгенде; күнделікті өмірде ыдыс-аяқты, төсек-орынды, дәретхананы, моншаны, әлеуметтік транспортты бірге қолданғанда жұғу қаупі жоқ немесе жан-жануардан, шыбын-шіркей, басқа да жәндіктердің шағуы арқылы да берілмейді.

АИТВ-ке негізі көбіне жастардың ұшырауы жиі кездесетінін, жасөспірімдер психологиясының осал болатынын ескере отырып келесі мәселелер есте болу керек: жасөспірім балаңыздың мінез-құлқында бұрын байқалмаған өзгерістер болса, сыртқы ортадағы жағдайға төзімсіздігі, ашушаң болуы, бұл өмірді мағынасыз деп санауы, қандайда бір жағдайларға немқұрайлы қарауы балаңыздың бір жағдайсыз нәрсеге тап болға-

нының басты белгісі болып табылады; егерде кешкі тамаққа тәбеті тартпай, көзінің қарашығы ерекше кішірейіп, жарыққа әсері төмендесе — сақ болыңыз, яғни Сіздің балаңыз күнделікті тіршілік мәселесі-

нен теріс айнарудың жолын тауып, нашақорлықпен айналып жүргені; жасөспірім балаңыз күні бойы немесе апталап үйден безетін болса, үйге келгенде түрлі еріткіштердің иісі немесе қайнатылған көкнәрдің иісін сезсеңіз, қол, аяқ тамырларына салынған ине орындарын көрсеңіз, онда балаңыз нашақорлыққа әбден салынғаны. Нашақорлық ауруының белгілері — тамаққа тәбеті тартпау, іштің тоқтаусыз өтуі, қатты арықтау, дененің қызуы. Сондықтан да әңгіме қылып отырған дерттен сау болудың ең қарапайым әдісі — білімді болу және сақтана білу болып табылады.

Жезқазған аймағы бойынша АИТВ-ЖИТС жайында ақпаратты Жезқазған қаласы, Пирогов көшесі 9, ҚОДБ «Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» КММ, Жезқазған бөлімінен 8(7102) 72-37-56 сенім телефоны арқылы да хабарласа аласыздар. Сонымен қатар, АИТВ-ЖИТС және нашақорлық «Красная линия» атты «Республикалық ЖИТС-тің алдын алу және күресу» орталығының ақпарат қызметінің 8-800-080-54-54 телефоны арқылы аласыздар (қоңырау құпиялық сақтайды және ақысыз).

А.НЕСІПБАЕВ, ҚОДБ «Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» КММ, Жезқазған бөлімінің эпидемиолог-дәрігері.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекет басшысы ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, жаңа заңнамалар әзірлеуге қатысты тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданғаны мәлім. Бұдан бұрын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі жемқорлықтың салдарымен ғана күресуге және кінәлі адамдарды жазалауға бағытталған еді. Енді жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты назар оның алдын алуға, мемлекет пен қоғамның күшін сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы инвестициялардың жолындағы басты кедергінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғады. Осы орайда, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар үшін өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу міндетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететін, әлеуметтік-экономикалық даму тежейтіні баршаға мәлім.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жемқорлыққа қарсы күресу үшін мемлекет пен қоғам бір күш болу қажеттігін айтты. Стратегияда мемлекеттік қызмет саласында жемқорлықты құрықтау, қоғамдық бақылау институттарын енгізу, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша міндеттер жүктелген. Жемқорлықтың себеп-салдары, шарттарын анықтау алға қойылған. Жемқорлыққа негіз болар іс-әрекеттерді жоюға бағытталған. Стратегия түрлі саладағы жемқорлықпен күрес ісін кешенді жүргізуге негізделген.

Бұл бағдарламаның басты мақсаты-сыбайлас жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру үшін Ұлытау ауданы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының ұжымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мақсатына өз үлестерін қосуда.

А.ӘБДІҒАЛИЕВ

Ұлытау аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының заңгері.

«МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ НЫСАНЫН ЖӘНЕ ОНЫ ТОЛТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАРАШАДАҒЫ №593 БҰЙРЫҒЫНА ӨЗГЕРІС ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы №325 бұйрығымен «Мүлкті жария ету туралы декларацияның нысанын және оны толтыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 593 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, ол нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 8 шілдеде №13895 болып тіркеліп (бұдан әрі - бұйрық), ресми жариялауға жолданған. Аталған бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жоғарыда көрсетілген түзетулер, ақшаны банк шотына есептеген (аударған) күнге валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдаланумен ұлттық валютада оның жария етілетін сомасын есептеу тәртібін өзгертуді, сондай-ақ жария ету субъектісінің қалауы бойынша екінші деңгейдегі банк арқылы банк белгілеген шартпен мүлкті жария ету бойынша декларацияны (бұдан әрі - декларация) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта бойынша мемлекеттік кірістер органына тапсыру мүмкіндігін қарастырады. Яғни, жария ету субъектілеріне ыңғайлы болу үшін «бір терезе» қағидаты іске асырылды, сол арқылы мемлекеттік кірістер органдарына бармай, мүлкті жария ету алымының төлеуге тиесілі сомасын банк арқылы төлеген кезде, азаматтарда тиісті декларацияны және оған ілеспе құжаттардың жөнелтуін жүзеге асыруға мүмкіндік болады. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкті жария етуіне байланысты Рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы №213-V Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 1-бабына

сәйкес, жария ету субъектісі Заңда белгіленген декларацияны тапсыру тәртібін, шарттарын және мерзімдерін, сондай-ақ жария етілетін мүлкке қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органы себебін көрсете отырып, декларацияны қабылдаудан жазбаша бас тартуды декларацияны тапсырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде береді.

Заңның жоғарыда көрсетілген нормаларын және жария ету субъектілермен кері байланыс мүмкіндігін іске асыру мақсатында, банктер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы №72 қаулысымен бекітілген пошта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларының 20-тармағына сәйкес жария ету субъектілерінен тұрғылықты жерінің толық мекенжайын міндетті түрде талап етуі қажет. Бұдан басқа, пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарламадағы «хабарлама алушының мекенжайы» деген бағанда жария ету субъектісінің нақты мекенжайын көрсету қажет. Ол пошта байланысындағы ұйымның декларацияны алғаны туралы хабарламаны жөнелтуші-банкке емес, жария ету субъектісіне жолдау үшін керек.

Мұндай пошта жөнелтілімдерді ыңғайлы сәйкестендіру үшін мемлекеттік кірістер органдары мен пошта ұйымдарына конверттерде «Жария ету» деген белгі қою ұсынылады.

Құпиялылық режимді сақтау үшін мемлекеттік кірістер органдарының жария ету рәсімімен айналысатын жауапты қызметкерлері, қатаң бұйрыққа сәйкес кеңсенің ЭҚАБЖ базасына енгізбей арнайы ашылған журналда декларацияның қабылданғаны туралы жазбалы жүргізеді.

Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасы.

ЖҰПСЫЗ ЖІБЕК КӨБЕЛЕГІ — КАРАНТИНДІК ЗИЯНКЕС

Өсімдіктер карантині бойынша орман шаруашылығын қорғау мемлекетіміздің қазіргі экологиялық жағдайды қадағалауының ерекше орын алатыны белгілі. Карантиндік іс-шаралар бағыттарының бірі- орман ағаштарына келтіретін карантиндік зиянкестерді анықтау, оқшаулау және таралуын шектеу болып табылады. Жыл сайын ҚР АШМ АӨК МИК «РФДжБӨО» РММ Ұлытау аудандық филиалы мамандары мен «ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің мамандары болып «Ұлытау орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы» мемлекеттік мекемесіне қарасты орман тоғайда карантиндік зиянкеске қарсы бақылау, қадағалау, зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жүргізілген зерттеулер барысында жұпсыз жібек көбелегі көбінесе қайыңдарды зақымдайтыны



белгілі болды. Жұлдызқұрттары өте тойымсыз жүндес келеді, түсі сарғыш — қоңыр. Жұмыртқалары өте ұсақ, сарғыш түсті, көбелектің ұрғашысы еркегінен үлкен. Көбелектің ұшу мерзімі жаз ортасынан бастап қыркүйек айына дейін жүреді. Жұмыртқаларын ағаштың жарығына, көбінесе ағаштың астыңғы қабатына салады. Қы-

стап шыққан кейін көктемгі жылы күндері тұрақтаған уақытта жұпсыз жібек көбелегінің жұлдызқұрттары шыға бастайды, 5-10 күннің аралығында ағашпен өрмелеп жас жапырақтарды жейді. Зиянкес жаппай таралған кезде ағаштардың жапырақтарын түгелдей жеп бітіреді және де бұл зиянкестен кейін екінші мәрте ағаш діңінің карантиндік және карантиндік емес зиянкестермен түбегейлі зақымдалып, сол ағаштың курап, шіруіне әкеліп соқтырады.

ҚР АШМ АӨК МИК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы.

Спорт

ДЗЮ-ДОДАҒЫ 7 жылдық
ЕҢБЕК пен ЖЕМІС

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Дипломмен — ауылға» жобасын Министрліктің бастамасымен мүдделі ортақ органдар мен «Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» Жастар қанаты, «Қазақстан Жастар Одағы» және Қазақстандық студенттер альянсы қоғамдық жастар ұйымдарымен біріге отырып, 2009 жылдың 1 шілдесінен бастап «Дипломмен — ауылға» жобасы жүзеге асырыла бастады.

Бұл «Дипломмен — ауылға» бағдарламасын алғашқылардың бірі болып қолдап, жүзеге асыру мақсатында Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің жас түлегі Әбдішев Талғат Қыдырбайұлы 2009 жылдың қыркүйек айында Ұлытау аудандық жасөспірімдер спорт мектебіне жас маман болып қызметін бастап, 2010 жылдың мамыр айында Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының жанынан жөндеуден өтіп жаңадан ашылған спорт кешеніне жаттықтырушы қызметіне ауысты. Міне осы 7 жылдан бері аянбай тер төгіп, еңбек етіп келеді. Осы мақсатта Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен Т.Әбдішевтің «Дзю-додағы 7 жылдық жемісім» атты кеші өтті. Бұл кеште Талғаттың балалық шағынан қазіргі аға жаттықтырушы кезіне дейінгі слайд көрсетіліп, «Бала Талғат» көрінісі қойылды. Әншілеріміз А.Қадырова «Әкелер», А.Смағұлов «Үш меркі», А.Сағындықов «Әке арманы», жас әнші Г.Сейтқазина «Қазақ елі» әндерін орындап, мың бұралған «Көркем» бишілер тобының қыздары «Шашу», «Ұйғыр» билерін тарту етті. Жезді кенті әкімі Б.Нұрбалаев құттықтау сөз сөйлеп, әкімшілік атынан сыйлық табыстаса, кентіміздің жанашыр ақсақалы Қ.Төлеубаев ағамыз, Қарағанды қаласындағы «Жас сұңқар» спорт мектебінің аға жаттықтырушысы Х.Сакеев, Жезқазған қаласындағы мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің дзю-до күресінен аға жаттықтырушысы Б.Отыншин, Сәтбаев қаласындағы мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің дзю-до күресінен аға жаттықтырушысы А.Рахымжанұлы, Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының директоры А.Бейсенбаев, №6 Жезді қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.Ідірсова сөз сөйлеп, Талғаттың әрі қарай өркендеп, өсіп, шәкірттерінің биік белестерден көріне беруіне тілектестіктерін



білдірді. Сонымен қатар Т.Әбдішевтің шәкірттері, Республикалық турнир жеңімпаздары Құдайбергенов Жылкелдіге Т.Әбдішев самбо күресінен, Алпысбай Марғұланға Қ.Төлеубаев ағамыз бен Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының директоры А.Бейсенбаев қазақ, дзю-до күресінен, Садуақасов Заманайға Қарағанды қаласындағы «Жас сұңқар» спорт мектебінің аға жаттықтырушысы Х.Сакеев дзю-до күресінен, Бакиратель Бексұлтанға Жезді кенті әйелдер қоғамының төрайымы Қ.Камалова апайымыз дзю-до күресінен спорт шеберлігіне үміткер куәлігін ресми түрде табыстады. Әрі қарай осы спорт шеберлігіне үміткер атанған балуандарымыздың ата-аналары Б.Құлажанов, Несібелді апа, С.Садуақасов құттықтау сөз сөйлеп, балаларын спортқа баулып, шынықтырып, үлкен дәрежеге жеткізгені үшін Т.Әбдішевке алғыстарын жаудырды. Ал Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының директоры А.Бейсенбаев осы ата-аналарға өз балаларының мәдени-спорттық іс-шараларға қатысуына белсене атсалысқаны үшін Алғыс хат табыстады. Жас буын ізбасар шәкірттері сахна төріне шығып өздерінің кезекті дзю-до, самбо, қазақ күресінен көрнекі өнер көрсетілімін шебер орындап, халықтың зор қошеметіне бөленіп жатса, Талғаттың анасы — Тыныштық апа, екінші анасы — Жанат апа, ағасы Нұрзат, жары Әлия мен екі кішкентай бүлдір-

шіндерін жүргізуші А.Қадырова сахна төріне шығарып, көпшілік көрерменге таныстырды. Аналары мен ағасы жүрежарды лебіздерін білдіріп, осы күнгі жетістіктерін марқұм әкесі көрмей кеткенін айтып, көздеріне жас алды. Кеш соңында Талғат Әбдішев сөз сөйлеп, жалпы Жезді кентінің тұрғындарына,

Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының ұжымына және басшысы Бейсенбаев Айтбек Сапарұлына рахметін айтып, басын иді.

Міне, осы 7 жыл ішінде 90-ға жуық жас спортшыларды қазақ, самбо, дзю-до күресіне баулып, олардан мықты спортшы шығарып, бірнеше аудан, қала, облыс, Республика деңгейіндегі жарыстарға қатыстырып, жүлделі орындар алып, чемпиондар дайындап шығарды. 2015 жылы Атырау қаласында өткен самбо күресінен Азия чемпионатының күміс жүлде иегері, 2016 жылы Ресей Федерациясы Мәскеу қаласында самбо күресінен өткен Халықаралық турнирде 3 орын, Талдықорған қаласында өткен самбо күресінен Қазақстан Республикасы чемпионатында 1 орын иеленіп, қазан айында Румыния мемлекетінің Бухарест қаласында өтетін Әлем чемпионатына шәкірті Құдайбергенов Жылкелді жолдама алды. Әлем чемпионатында Көкбайрағымызды желбіретіп, Әнұранымызды шырқатып, жеңіспен оралуларына шын жүректен тілектестік білдіреміз!

Талғатқа еңбекте жеміс, отбасына амандық тілеп, шәкірттерің оза берсін, тек қана биік белестерден көрініп, Қазақстанның атын бүкіл әлемге таныта бер демекпіз!

Жаннұр АЙНАБЕКҚЫЗЫ.
Жезді кенті.

Иман айнасы

ДӘРЕТ АЛУДЫҢ
ПАЙДАСЫ

Қытай медицинасына сүйенсек, адамның бойында 700-ден астам биологиялық белсенді нүктелер бар екен. Ал, бұл нүктелердің 66-сы болса, өте күшті, әрі әсерлі нүктелер. Ең қызығы, бұл нүктелердің 61-і мұсылмандардың дәрет алғанда жуатын дене аймақтарына орналасқан. Қалған бес нүктені аяқтың тобық пен тізенің арасындағы жерден орын алған. Демек, мұсылман баласы дәрет алғанда өте әсерлі 61 биологиялық белсенді нүктеге температуралық және физикалық әсер етумен қатар гидромассаж да жасайды екен. Ал, аяқты тізеге дейін жуып дәрет алу сүннет. Егер олай жасайтын болса, тіпті барлық 66 өте белсенді нүктелерді басып өтеді. Осылайша күніне бес уақыт намазға бес рет дәрет алған адам кешенді массаж процедурасынан өткен болып есептеледі. Бұл массаждар адамның ішек құрылыстарына, асқазанына, зәр шығару жолдары мен қуыққа, жүйке жүйесінің реттелуіне, жүректің қалыпты соғуына, жыныстық қызметтерге, қалқанша бездеріне оң әсерін тигізеді екен. Оның үстіне салқын су теріміздегі рецепторларға да жақсы әсер етіп, бетке әжім түсуден сақтайды. Демек, дәрет алу арқылы біз ғабадаттан бөлек денсаулығымызға да ерекше күтім жасайды екенбіз. Олай болса, таңертең тұрғанда тек беті-қолымызды жуып, тісімізді ғана ысып шықпай, толықтай дәрет алып шықсақ, сауабына бөлек кешенді массажды бастаған әрі гигиеналық талаптарды сақтаған боламыз.

Ал, енді дәреттің рухани жағына келер болсақ, Пайғамбарымыз өзінің қасиетті хадистерінде: «Дәрет — намаздың кілті. Намаз — жәннәттің кілті», — депті. Ал, жұмаққа кіру қай мұсылманның болсын басты арманы. Сондықтан да, жұмсақ есігін ашуға арналған алғашқы кілттің қандай болуы керек екенін әр мұ-



сылман білуге тиістіміз. Дәреттегі ең маңызды мәселе — ниет. Әуелі адам: «Ниет еттім Алла разылығы үшін дәрет алуға», — деп ниет етіп, «Әзиз билләһи минәш шайтан ир-ражим, бисмилләһи-ррахман ир-рахим» деп Алланың есімімен бастауы тиіс. Себебі, Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кімде-кім дәрет алғанда «Бисмилләһ» деп бастаса, барлық денесін тазалайды. Ал, кімде-кім дәрет алғанда Алланың атын еске алмаса, тек қана дәрет мүшелерін тазалайды», — депті.

Дәрет алып болғаннан кейін «әшһәду әл ләйләһә иллалһу уахдаһу лә шәрикә ләһ, уә әшһәбд әннә Мұхаммадан ғабдуһу уә расулу» (мағынасы: «Алладан басқа Тәңір жоқ және оның серігі жоқ екеніне, сондай-ақ Мұхаммед оның құлы әрі Елшісі екеніне куәлік етемін») деу керек. Осы дұғаны айтар болсақ, жәннәттің сегіз есігі ашылып, біз қалағанымызға кіре алады екенбіз. Ендеше, дәрет алуды әдетке айналдырайық, ағайын. Дәретпен жүрген адамның бойынан шайтан алыс жүреді. Ал, періште үйір келеді. Асты да дәретпен ішкен абзал, берекесі болады. Тіпті, баланы емізгенде де дәрет алу керек.

Дәрігер кеңесі

НАШАҚОРЛЫҚ —
қауіпті дерт!

Есірткі тұтыну көбіне еліктеушіліктен туады. Мұны адамдардың жаңа шыққан бір сән үлгісіне еліктеуімен салыстыруға болады. Адамды бір белгісіз күш, мейлі, киім киюде, жүріс-тұрыста не идеологиялық көзқарастарда болсын, белгілі бір сән үлгісіне еліктеуге итермелеп тұратын секілді. Жастардың тағы бір ерекшелігі, өз жүріс-тұрысын эмоционал-дың ерікті бақылаудан олардың физиологиялық қажеттіліктері басым болып тұрады. Міне, осы фактор да нашакорлыққа ұрынудың тағы бір себебі болып табылады.

Нашакорлыққа өз эмоцияларын ұстай алмайтын, кенеттен басына түскен немесе көңілі қалған бір оқиға үшін торығып, байбалам салып, мұңға шомып кететін адамдар ұрынып жатады. Сондай-ақ, ақыл-ойы, ал ең бастысы, рухани, мәдени, эмоционалды жағынан жеткілікті жетілмеген, өмірде өз жолын таба алмаған адамдар. Кішкентай кезінен қу басының қамын ғана ойлап, ұсақ-түйекте де дұрыс шешім қабылдай алмайтын, үнемі басқаларға тәуелді болып, сондықтан да басқаларға еліктеп жүретін адамдар. Кез-келген адам өмірінде үнемі өзі шешім қабылдайды. Біің шыңдарға шықсаң да, құлдырап төмен құласаң да, бұл ең алдымен, сенің өзіңнің шешіміңнің нәтижесі. Сенің өмірің сенің шешімдеріңнен тұрады. Тәуекелге баратын сен өзің. Жасаған істеріңнің салдары неге әкеп соғатынын алдын ала білсең, дер кезінде өзіңді тоқтатып, құны кейде өте жоғары болатын қателерді жасаудан бас тарта аласың.

Дені сау әрі табысты болу — заман талабы, ал денсаулық, үздік оқу және мансап есірткімен еш үйлеспейді. Дұрыс шешім қабылдап, өз денсаулығың мен өмір қуанышыңды сақтап қал! Есінде болсын, ерте ме, кеш пе тұтынушының жалғыз амалы ғана қалады — ол мезгілсіз өлім!

Б.ӘБИЛОВА, нарколог-дәрігер.



Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11-
үй. Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 38